ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру:

2022-2023 оқу жылында 1-4 сынып оқушыларының белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар бойынша жүзеге асыру мақсатында 1,2-сыныптарға «Логика», 3,4-сыныптарда «Математика және логика»-ға вариатив компонентінен 1 сағаттан берілді.

5-9 сыныптарда «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (ары қарай ББМЖМС); «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

«Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

5-9 сыныптарда жеке және топтық жұмыс есебінен баланың жеке басының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған курстарға, үйірмелер мен секцияларға арналған оқу жұмыс жоспарларының вариативті компонентінде бейімділіктер мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып сағаттар бөлінді.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында 5,7,8 сыныптарда 1 сағаттан «Шахмат және ой дамыту»-ға берілді. Оқушылар түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға иеленді. Қалалық жарыстарда: «100» шаршылы дойбыдан 9 «А» сынып оқушысы Сайлау Амина – 1 орын, 10 «А» сынып оқушысы Боларбек Нұрбек – 3 орын, 5 «Б» сынып оқушысы Ахметжанова Айлин – 3 орын; «64» шаршылы дойбыдан Астана қаласының чемпионатында 9 «А» сынып оқушысы Сайлау Амина – 1 орын жеңімпазы; қалалық мектеп лигасы шеңберінде 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында «АҚБОЗАТ» шахматтан қалалық турнир болып өтті. 5-6 сыныптар бойынша мектебіміз үздік бестіктен көрінді, Исабай Ілияс - 5 Ә сынып оқушысы, Шахмұрат Мансұр - 5 А сынып оқушысы, Хамит Архат – 5 В сынып оқушысы, Жұмабек Мадина - 5 В сынып оқушысы дипломмен марапатталды; «64 шаршылы» дойбыдан республикалық ХІ ЖАЗҒЫ чемпионатында Сайлау Амина – 2 орын алды.

Ал оқушылардың математика бойынша білімдерін тереңдету, олимпиадаларға дайындық жүргізу мақсатында 5,6,9- сыныптарда «Логикалық математика және ой дамыту», 6-сыныптарда «Этноматематикалық есептердің қолданылуы», 7-сыныптарда «Алгебра әлемі», 8-сыныптарда «Теңсіздіктер», 10,11 сыныптарда «Модулі бар және параметрлі теңдеулер мен теңсіздіктер» - 1 сағаттан берілді.

Оқушылардың компьютерлік техникаға деген қызығушылығын арттыру әрі қолдануға деген түсініктерін дамыту мақсатында вариативті компонент есебінен 5,6-сыныптарда «Scratch ортасында бағдарламалау негіздері», 5-сыныптарда «Робот техникасы», 10,11-сыныптарда «Трендті Photoshop» курстарына 1 сағаттан берілді.

Оқушылардың бейіндерін ескере отырып география, физика, химия бағытында бірнеше факультатив сағаттар берілді: 5,6,8, 10,11 «А», «Б», «В», «Г» сыныптарда- 1 сағат «Географиялық зерттеу әдістері», 6 – сыныптарда-1 сағат «География сабағында өлкетану пәнін оқыту және жергілікті компонентті жүзеге асыру әдістері», 9-сыныптарда-1 сағат «Қазақстанның рухани құндылықтары мен көрікті жерлерінің географиясы».

7 «А», «Ә», 8 сыныптарында «Физика терминология/ағылшын тілінде/», 7 «Б», «В», «Г», «Д», «Е» сыныптарында «Физика пәнінен күрделі есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру», 9- сыныптарда «Физика және техника», 10 «Ә», «Б» сыныптарында «Физика және Қазақстан энергетикасы», 11 –сыныптарда «Физика және экология», 10 «Ә», «Б»

сыныптарында «Қиындығы жоғары есептер/физика/» курстарына берілді.

9-сыныптарда-1 сағат «Химия пәнінен PISA тапсырмаларын шешудің әдіс-тәсілдері», 10 «А», «В» және 11 «Ә» сыныптарда-1 сағат «Химия пәні бойынша олимпиада есептері мен жолдары» берілді.

Оқушылардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын жақсарту, экологиялық мәселелерді түсініп, оны шешуге ұмтылуларын қалыптастыру үшін 7-сыныптарда «Өсімдіктер морфологиясы мен физиологиясы», 8-сыныптарда «Жасуша және тері», 9-сыныптарда «Биология пәнінен олимпиадаға дайындық», 10 «А», «В» сыныптарында «Биотехнология және генетикалық инженерия», 11 «Ә» сыныбында -1 сағат «Молекулалық биология және генетика» курстарына 1 сағаттан берілді.

Оқушылардың таңдау пәндері мен мектеп бағытын ескере отырып вариативтік сағат есебінен информатика, геометрия, химия, биология, география, физика таңдау пәндері алынды. Ал, оқушылардың тіл байлықтарын дамыту, тілдік дағдыларын қалыптастыру үшін қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті таңдау пәніне 1 сағаттан берілді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы оқу: 2022-2023 оқу жылдары ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 2-қосымша 25-тармақшасына сәйкес дүниетану оқу курсының аясында: 1-3- сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 56-тармағының 3-қосымшасына сәйкес 5-9- сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен, Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау, 50-тармақшасына сай «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық, 11 сыныптарда 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысымен жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылдары ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 2-қосымша 25-тармақшасына сәйкес дүниетану оқу курсының аясында: 1-3- сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 56-тармағының 3-қосымшасына сәйкес 5-9- сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен, Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау, 50-тармақшасына сай «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық, 11 сыныптарда 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысымен жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылдары ҚР ОАМ-нің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрықпен, 2023 ж. 04 қазандағы № 303 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 2-қосымша 25-тармақшасына сәйкес дүниетану оқу курсының аясында: 1-3- сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 56-тармағының 3-қосымшасына сәйкес 5-9- сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен, Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау, 50-тармақшасына сай «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық, 11 сыныптарда 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысымен жүзеге асырылды.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру:

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 26-тармағына, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 38-тармағына сәйкес қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналында сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 26-тармағына, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 38-тармағына сәйкес қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналында сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрықпен, 2023 ж. 04 қазандағы № 303 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 26-тармағына, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау 38-тармағына сәйкес қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналында сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес орындалды.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

Оқушыларға міндетті пәндерді оқытумен қатар тереңдетілген және типтік білім беру деңгейлерінің бейіндік пәндерін таңдау қамтамасыз етіледі. 2022-2023 оқу жылында бейінді оқытуды іске асыру мақсатында 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта төрт 10-сынып, бес 11- сынып қалыптасты. 10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың жаратылыстану -математикалық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 24-қосымшасына) сәйкес жасалды.

Тереңдетілген деңгей бойынша:

- 10«А» сыныбы химия, биология;
- 10«Ә», 10«Б» сыныптары физика, география;
- 10«В» сыныбы география, биология.

Стандартты деңгей:

- 10«А», 10«Ә», 10«Б», 10 «В» сыныптары дүниежүзі тарихы, құқық негіздері;

Тереңдетілген деңгей бойынша:

11«А», 11«Б»,11«В», 11 «Г» сыныптары физика, география;
11«Ә» сыныбы химия, биология;

Стандартты деңгей:

11«А», 11«Ә», 11«Б», 11«В», 11 «Г» сыныптары дүниежүзі тарихы, құқық негіздері.

2023-2024 оқу жылында бейінді оқытуды іске асыру мақсатында 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта төрт 10-сынып, төрт 11- сынып қалыптасты. 10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың жаратылыстану -математикалық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 12, 17-қосымшаларына) сәйкес жасалды. 10- сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта бес сынып, 11- сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта төрт сынып қалыптасты.

Тереңдетілген деңгей бойынша:

10«А», 10«Б», 10«В», 10 «Г» сыныптары физика, география;
10«Ә» сыныбы химия, биология.

Стандартты деңгей: 10«А», 10 «Ә», 10«Б», 10«В», 10 «Г» сыныптары дүниежүзі тарихы, құқық негіздері;

Тереңдетілген деңгей бойынша:

11 «А» сыныбы химия, биология;
11«Ә», 11«Б» сыныптары физика, география;
11«В» сыныбы география, биология.

Стандартты деңгей:

11«А», 11«Ә», 11«Б», 11 «В» сыныптары дүниежүзі тарихы, құқық негіздері; 2024-2025 оқу жылында бейінді оқытуды іске асыру мақсатында 10- сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта 4 сынып комплектісі, 11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта бес сынып комплектісі қалыптасты. 10-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспары оқытудың жаратылыстану -математикалық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 22,27-қосымшаларына) сәйкес жасалды.

Тереңдетілген деңгей бойынша:

10«А», 10«Б», 10 «В» сыныптары физика, география;
10«Ә» сыныбы химия, биология.

Стандартты деңгей: 10«А», 10«Ә», 10 «Б»,10 «В» сыныптары дүниежүзі тарихы, құқық негіздері;

Тереңдетілген деңгей бойынша: 11«А», 11«Б», 11 «В», 11 «Г» сыныптары физика, география;

11«Ә» сыныбы химия, биология.

Стандартты деңгей:

11«А», 11 «Ә», 11«Б», 11«В», 11 «Г» сыныптары дүниежүзі тарихы, құқық негіздері;

Өзін-өзі бағалаудан келесі қорытындылар жасауға болады:

1. тереңдетілген, типтік деңгейдегі пәндер бойынша оқу бағдарламасы толығымен орындалды;
2. Бейіндік оқыту оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып жүргізілді;
3. 11-сыныпта тереңдетілген, стандартты деңгейде білім беру 10-сыныпта таңдалған пәндер бойынша жалғасын тапты;
4. Вариативтік компоненттің элективті курстары мен элективті пәндері типтік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар:

Бастауыш білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 1-сыныпта – 19,5 сағат, 2- сыныпта – 24 сағат, 3-сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 5-сыныпта – 33,5 сағат, 6-сыныпта – 33,5 сағат, 7-сыныпта – 36,5 сағат, 8-сыныпта – 37,5 сағат, 9-сыныпта – 40 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 39 сағаттан аспайды.

2023-2024 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар:

Бастауыш білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 1-сыныпта – 19,5 сағат, 2- сыныпта – 24 сағат, 3-сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 5-лицей-сыныптарында – 33,5 сағат, 5-сыныптарда – 28,5 сағат, 6-сыныпта – 33,5 сағат, 7-сыныпта – 36,5 сағат, 8- сыныпта – 37,5 сағат, 9-сыныпта – 40 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 39 сағаттан аспайды. Сабақ кестесі 2 бағытта жасалынып бекітілді: Инвариантты компонент оқу пәндері мен вариативтік компоненттің элективті курстарының сабақ кестесі; лицей компонентінен вариативті сабақ кестесі.

2024-2025 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар:

Бастауыш білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 1-сыныпта – 19,5 сағат, 2- сыныпта – 24 сағат, 3-сыныпта- 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат.

Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 5-лицей-сыныптарында – 33,5 сағат, 5-сыныптарда – 28,5 сағат, 6-сыныпта – 33,5 сағат, 7-сыныпта – 36,5 сағат, 8- сыныпта – 37,5 сағат, 9-сыныпта – 40 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 10-сыныпта – 39 сағат, 11-сыныпта – 39 сағаттан аспайды.

Сабақ кестесі 2 бағытта жасалынып бекітілді: Инвариантты компонент оқу пәндері мен вариативтік компоненттің элективті курстарының сабақ кестесі; лицей компонентінен вариативті сабақ кестесі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру:

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1BKnuJ7-n_L3bAn6ff_U5jzKudTqCaQ4O

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар бойынша:

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімделуіне мектепте барлық жағдайлар жасалған. Мектеп ғимараты мүмкіндігі шектеулі балалар үшін объектінің қолжетімділігіне қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді: подъемник, барлық баспалдақтар екі жағында тұтқалар, қозғалыс жолдарының бедерлі тактильді белгілері, тақтайшалар мен көрсеткіштер, әмбебап кабинасы бар санитарлық торап, шақыру түймелері, есіктердің мөлдір төсемдерінде жарқын контрастты таңбалау, мүгедектерге арналған баспалдақ көтергіші бар. Подъемник, тұтқалары бар кіру алаңының өлшемдері, табалдырықтардың биіктігі, есік саңылауларының ені мүмкіндігі шектеулі

адамдар үшін кедергісіз орта талаптарына сәйкес келеді. Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейді. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

- 1) білім алушының ерекше білім беру қажеттілігі анықтауды және бағалауды;
- 2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының отбасына, педагогтерге консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді;
- 3) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандар тобына мұғалімдер, педагог-психологтар, арнайы педагог, педагог-ассистенттер кірді. Педагог-психолог ЕББҚ бар балада өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады балалар мен ересектерде қарым-қатынас дағдыларын дамытады, мінез-құлық пен танымдық саланың бұзылуының алдын алу және түзету бойынша іс-шаралар өткізеді. Психологтың түзету жұмысының негізгі бағыттары: - оқу мінез-құлқын қалыптастыру; - коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру; - танымдық саланы дамыту; - эмоционалды-тұлғалық даму. Арнайы педагог ЕББҚ бар білім алушының қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру ортасын құруда және дидактикалық материалдарды бейімдеуде сынып мұғаліміне қолдау көрсетеді (ақыл-ойы бұзылған балалар үшін арнайы әзірленген оқулықтар мен ОӘК және т.б. пайдаланылады). Арнайы педагог жұмысының негізгі бағыттарының бірі оқу бағдарламасы шеңберінде білімді табысты игеруге кедергі келтіретін қиындықтарды түзету болып табылады. Әлеуметтік педагог баланың отбасымен өзара іс-қимылды, оқытудың ұйымдастырушылық мәселелері бойынша кеңес беруді, отбасы мен мектепте баланың құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Әлеуметтік-педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде әлеуметтік педагог баланың әлеуметтік қолдау көлеміндегі қажеттіліктерін, сондай-ақ ЕББҚ бар баланы мектепке бейімдеу саласындағы көмек бағыттарын анықтайды. Әлеуметтік педагогтың функционалдық міндеттеріне мыналар кіреді: - мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғайтын әлеуметтік қорғау ұйымдарымен, қорғаншылық органдарымен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл орнату; - баланың мектептегі және мектептен тыс іс-шараларға, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарының іс-шараларына қатысуын ұйымдастыру; - ата-аналармен жұмыс істеуге көмектесу; - қажетті ақпаратты іздеу, инклюзивті білім туралы білімді тарату және т. б. Логопедтің жұмыс бағыттарына сөйлеудің коммуникативті жағын қалыптастыру, ауызша және жазбаша тілдің бұзылуын түзету жатады. Сонымен қатар, логопед мұғалімге оқу мен жазуды, оқытудың сөйлеу режимін ұйымдастыруда, мәтіндер мен басқа да дидактикалық материалдарды бейімдеуде әдістемелік қолдау көрсетеді. Педагог-ассистентпен баланы сүйемелдеу қажеттілігі ЕББҚ бар баланың ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып анықталады. Педагог-ассистент сабақта ғана емес, үзілісте де көмек көрсетеді. Мектеп мұғалімдері мен мамандары оқытудағы жеке көзқарас қамтамасыз етілген, әр баланың ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламалары және ерекше білім беру қажеттіліктерін мұқият бағалауға негізделген жоспарлар әзірленген. Инклюзивті сыныптарда ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың саны:

2020 оқу жылынан бастап психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс атқарып келеді. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы мектеп директоры Ғ.Б. Әметбеков, қызмет құрамында арнайы мамандар, сынып жетекшілері, педагог-ассистенттер бар.

Әр оқу жылының басында:

- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы бұйрық шығарылып, жылдық жоспар бекітілді;
- білім алушылардың даму ерекшеліктерін ескере отыра 14 күн арнайы мамандар диагностика жүргізілді (2а және 2б формалары толтырылды)
- 14 күннен кейін алғашқы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы өткізілді;

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің шешімімен оқушылардың жеке бағдарламалары бекітіліп, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау жүзеге асырылды;
- арнайы мамандардың жеке/топтық сабақ кестелері құрылды;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысынан кейін арнайы мамандар, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері ата-аналарға тұжырымдама жазды;
- бақылау жыл бойы үздіксіз жүргізіліп отырды;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы жылына үш рет өткізіліп отырды (қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында);

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар бойынша

2022-2023 оқу жылында мектепте 17 ерекше білім беруді қажет ететін оқушы болды, оқу жылы барысында 2 оқушы үйде оқытуға ауысуына, 1 оқушы қосылуына байланысты 16 ерекше білім алушы оқушымен аяқталды. 11 оқушы бейімделген білім беру бағдарламасымен, 2 оқушы жалпы білім беру бағдарламасы, 3 оқушы жеке оқу бағдарламасымен оқиды.

2023-2024 оқу жылында 1 қыркүйектегі титулдық тізімі бойынша 18 ерекше білімді қажет ететін оқушы болды, 1 оқушы 11-қыркүйектен бастап үйде оқытуға ауыстырылды, 2-қарашада басқа мектепке ауысып кетті, оқу жылы соңында 17 оқушы болды. 8 оқушы бейімделген білім беру бағдарламасымен, 2 оқушы жалпы білім беру бағдарламасымен, 6 оқушы жеке оқу бағдарламасымен оқиды.

2024-2025 оқу жылын 17 ерекше білім беруді қажет ететін оқушы білім алып жатыр, 10 оқушы бейімделген білім беру бағдарламасы, 1 оқушы жалпы білім беру бағдарламасымен, 6 оқушы жеке оқу бағдарламасымен оқиды.

Нұр-Сұлтан қаласы
А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей

ППҚК-дің шешімімен қабылданды
«14» қыркүйек 2022ж.



ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ
3 «Ә» сынып оқушысы
Бексарын Ибрагим
2022-2023 оқу жылына
(1 жартыжылдық)

1. Оқушы туралы жалпы мәлімет

АЖТ. Бексарын Ибрагим Туған жылы: 03.07.13ж Сынып: 3 «Ә»
Ата-ананың АЖТ: Берик Бексарынович, Айгерим Сатбаевна
Ата-ананың баланы оқыту мен дамытуда не мазалайды: Ибрагим негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгермейді. Ақыл-ой дамуы және сөйлеу тілі (сөздік қоры) жасына сәйкес келмейді.
Ата-ананың сұранысы: -Оқушы жазып, оқып, есептеп үйрену үшін мұғалім мен арнайы мамандардың сабағы қажет.
Сынып жетекшінің АЖТ: Гүлмира Сағұқызы
ПМПК-ның қорытындысы мен ұсыныстары: <ul style="list-style-type: none"> - Зияттың жеңіл бұзылысы. Сөйлеу тілінің жалпы дамуының 2-3 деңгейі. - Жеке оқу бағдарламасы бойынша білім беру. - Оқытудың арнайы әдістерін қолдану. - Зияты зақымдалған балаларға арналған оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін қолдану. - Арнайы педагогтың, логопедтің арнайы қолдауы.
Қолдау көрсету қызметкерінің АЖТ: Арнайы педагог: Айдана Танатканқызы Психолог: Жұлдыз Түзелқызы Әлеуметтік педагог: Назгүл Темірханқызы
Оқыту формасы: <u>жалпы сыныпта</u> , арнайы сыныпта, үйде (қажеттісін сызу керек).

2. Оқушының жиынтық сипаттамасы 3 «Ә» сынып оқушысы Бексарын Ибрагим

Оқытудың қиындықтарының байқалуы мен себептері	Күшті жақтары қызығушылығы, әуестері	Психологиялық (эмоционалдық, мінез-құлық) ерекшеліктері
Оқытудағы қиындықтарының байқалуы: 1. Мұғалімнің сөздік қатынасын қиындықпен түсінеді, сұраққа жауап бермейді, айтылған сөзді қайталауды және қосымша түсіндіруді талап етеді. 2. Сынып жұмысына жиі қосылмайды, оқу тапсырмаларын өз бетінше орындай алмайды, мұғалімнің көмегіне мұқтаж. 3. Оқуға қажетті дағдылар мен білім көлемі жеткіліксіз.	1. Мұғалімнің көмегін қуана қабылдап, көмек көрсетілсе ғана тапсырманы орындайды. 2. Егер тапсырма қолжетімді болса, тырысады және ынталанады. 3. Мұғалімнің мадақтауын оңды қабылдайды және оның көңілін аударуға ынталанады. 4. Сабақта дұрыс отыру ережесін орындайды, тәртіпті, кеңпейіл, сабырлы. Сыныптастарымен жақсы тіл табысады.	1. Мұғалім және сыныптастарымен қарым-қатынас жасауды ұнатады; 2. Егер, оны мадақтап, қолдау көрсетсе өз-өзіне сенімді, белсенді және жетістікке жете алады.

3. Оқушының ерекше білім алу қажеттілігі

Ерекше білім алу қажеттілігі	Оқушының ерекше білім алу қажеттілігі және оны қанағаттандыру үшін арнайы шарттар (тек қарастырылатын жағдайларға сәйкес келсе ғана белгілеу қажет)
1. Оқу жоспарын өзгерту (қажеттісін сызу керек).	1. Талап етілмейді 2. Талап етіледі
2. Пән бойынша оқу жоспарын өзгерту (қажеттісін сызу керек).	Талап етілді: 1. Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы 2. Арнайы/негізгі пәндер бойынша жеке оқу бағдарламасы
3. Оқытудың әдістері	1. Дәстүрлі, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша; 2. Арнайы (зерде бұзылыстары бар балаларды оқытудың әдіс-тәсілдері)
4. Оқыту нәтижесін бағалау әдістері (оқушының жетістіктері)	1) Бақылау тапсырмалары жеке оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылады; 2) Иллюстрациялық және басқа тірек материалдарды (жаднамалар, алгоритмдер, жоспар) қолдану; 3) БЖБ, ТЖБ тапсырмалары сыныпта орындалады.
5. Оқулықтар, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын даярлау	1) Сауат ашу. Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 1-2бөлім. Қ. Қ. Өмірбекова – Алматы, «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2018. – 80 б. 2) Математика. Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. / Р. А. Сулейменова, И. Г. Елисеева, Ш. Ж. Карипжанова. – Алматы, «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2018. – 112 б. 3) Арнайы оқулықтарға қосымша арнайы жұмыс дәптерлерін қолдану.
6. Оқу орнын және оқыту ортасын бейімдеу	Бірінші партаға отыру
7. Техникалық құралдарға қажеттілік	Қажет етпейді
8. Арнайы педагогтің көмегі	Арнайы педагогтің сабағы аптасына 2 рет өткізіледі. Сабақтың формасы – жеке, сабақтың ұзақтығы – 45 минут.
9. Логопедтің көмегі	Қажет етіледі.
10. Педагог-ассистенттің көмегі	Қажет етпейді
11. Психологиялық көмек	Айына 2 рет жеке сабақ өткізіледі.
12. Әлеуметтік-педагогикалық көмек	Қоғамдық іс-шараларға қатысу

4. Мұғалімге ұсыныс

Оқушының сабаққа белсенді қатысу үшін не көмектеседі (оқыту әдістері мен амалдары, жұмыс орынын бейімдеу, қарым-қатынас жасау амалы, тапсырманы орындау және бағалау және т.б.)	Не қиындық тудыртады?
<ol style="list-style-type: none"> Ибрагимге жеке тапсырмалар ұсыну; Көрнекі-дидактикалық құралдарды қолдану; Сұрақтан кейінгі үзіліс. Жауап беруге уақыт беру; Тапсырмалар (сөйлеу нұсқаулығын түсінуді жеңілдету үшін) жазбаша орындау алдында дәптер парағында бағдарлануға көмек көрсету. Көмек көрсеткілік қимылмен сүйемелденуі керек, мысалы: - мұнда бастау керек ... - жазу (штрихтау, бояу, астын сызу және т.б.)...; Тапсырманы орындау алдында, оқулық бетіне бағдарлануға көмек көрсету. Жұмысты орындаудың көрнекілік құралдарын, үлгісін, сурет жоспарын пайдалану арқылы тапсырмалар (мысалы, көркем еңбек сабақтарында). Топтық жұмыстар ұйымдастыру. Ибрагим басқа балаларға қарап оқуға талпынады (басқа оқушының қызметі ол үшін үлгі. Ол басқа балалардың жасағанын бақылайды. Бұл оған сабаққа қатысуға көмектеседі. 	<ol style="list-style-type: none"> Сыныпқа ұсынылатын тапсырмалардың ауызша болуы Ибрагимге қиындық туғызады; Мұғалімнің үнемі бағыттаушы, ұйымдастырушылық көмегін қажет етеді.

5. Ата-аналарға ұсыныс

Мүмкін іс-шаралар (денсаулыққа қатысты, күн тәртібі, үй қызметінің түрлері, отбасында бос уақытты өткізу, қосымша білім беру сабақтарына бару және т.б.)	Қол жеткізілген нәтижелер
<p>1. Күн тәртібін сақтау: ұйықтаудың, сабақтардың, демалудың белгіленген уақытын; үй тапсырмаларын орындауды (20 мин.) демалумен (10 мин.) кезектестіру. Үй тапсырмаларын орындау арасындағы демалыс: дене жаттығулар. Күн режиміне үй тапсырмасын орындауды қосу: бөлмеде өз заттарын алып тастау, төсектерді түзеу, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау, үстел даярлауға және т. б. Үй міндеттерін және күн режимін міндетті орындауды талап ету.</p> <p>2. Үйде өз міндеттерін және оқу тапсырмаларын орындауды ынталандыру. Тапсырманы уақытында орындағаны үшін мақтау, жетістіктеріне қуану. Дербестік пен жауапкершілікті мадақтау (үй тапсырмаларын және үй жұмысын орындау кезінде өз көмегін біртіндеп азайту).</p> <p>3. Ата-аналар баланың мүмкіндіктеріне сенімділікпен қарау қарым-қатынасын құру, табысқа сену, оптимист болу.</p> <p>4. Сабақта және балалармен қарым-қатынас жасау ережелерін түсіндіру.</p> <p>6. Баланы оның күні қалай өткенін, қандай эмоцияларды сезгенін (не қуанды, не ренжітті) айтуға үйрету.</p>	

6. 3 «Ә» сынып оқушысы Бексарын Ибрагимнің 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған Жеке оқу жоспары

3 «Ә» сынып оқушысы Бексарын Ибрагим

Оқу жоспарындағы пәндер тізімі	Жалпы білім беру бағдарлама	МЖМБС негізіндегі бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы	Жеке бағдарлама, (мжмбс бағдарланбаған)
Математика			+
Қазақ тілі			+
Әдебиеттік оқу			+
Ағылшын тілі			
Орыс тілі			+
Жаратылыстану			+
Цифрлық сауаттылық			
Дуниетану			+
Музыка	+		
Дене шынықтыру	+		
Көркем еңбек	+		

Ескерту: оқу жоспарының пәні бойынша оқушы үшін таңдалған оқу бағдарламасының түрі "+" белгісімен белгіленеді

Бірінші тоқсанға арналған жеке оқу бағдарламалары

3 «Ә» - сынып оқушысы Бексарын Ибрагим

«Математика» пәні бойынша жеке оқу бағдарламасы

1	Бөлімше атауы	Оқу мақсаттары, күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу +, -
	Шаманы білдіретін ұғым: үлкен-кіші, ұзын –қысқа, кең – тар, биік-төмен	1.1.2.4 көлемнің қасиетіне қарай заттарды топқа бөлу (жіктеу) (үлкен-кіші); 11.1.4.3 ені бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атаңыз (кең-тар, кеңірек - тарлау); 1.1.4.7 2-3 заттың әр қайсысының қасиеттерін екі өлшем бойынша салыстырғанда тану, көрсету және атау: ені мен ұзындығы (кең және ұзын, кең және тар, ұзын және тар, қысқа және тар) 1.1.5.1 салыстырылып отырған екі биік (төмен) тұрған затты танып білу және көрсету;	
2	Кеністіктік ұғымдар	1.1.10.10 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: «жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында»	
2	Уақытты білдіретін ұғымдар	1.1.12.1 өз өмірінің жарқын оқиғаларын «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдармен сәйкестендіру;	
3	Заттың пішінін білдіретін ұғымдар	1.1.13.5 куб, шар, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, сияқты геометриялық пішіндерді атап беру; 1.1.13.8 шар мен шеңберді ажырата алу	
Оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану және оқыту процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар			
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Арнайы педагог жеке және топтық сабақтарда жаңа материалды түсіндіреді. Мұғалім сыныпта өтілген тақырыпты қайталайды, бекітеді; 2. Арнайы педагог жеке оқу бағдарламасына сәйкес арнайы мектептерге арналған оқулықтармен жұмыс жасайды, мұғалімдер жұмыс дәптерлерін қолданады. 3. Тапсырмаларды түсіндіру үшін көрнекі-дидактикалық құралдарды қолдану. 		
	БЖБ, ТЖБ тапсырмалары жеке оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылады және кабинетте орындалады.		

ПМПК қортындысына сәйкес 5 түрлі бағдарлама негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындауда оқу мақсаттарын қысқартып, дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуін ескере отыра жеке бағдарламалар әзірленді.

2022-2023 оқу жылы тәрбие бөлімі талдауы

https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1BKnuJ7-n_L3bAn6ff_U5jzKudTqCaQ4O

Тәрбие бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес бекітілген үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып, 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізілді.

1. Қазақстандық – патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
2. Рухани–адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көп мәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие;
8. Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру.

Мектептің тәрбие жүйесінің мақсаты мен міндеттері

- Оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұн беру арқылы қоғам талабына сай құзіреттілігі қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

- Жеке жаңалықтар мен идеяларды бағалауға қабілетті, келешегін болжай алатын, сыни көзқарасы қалыптасқан, жауапкершілігі бар, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу;

- Әлеуметтік жобаларға деген қызығушылықты арттыру;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды жандандыру;
- Оқушыларда көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру.

- Тәрбие үрдісін жүйелеуде жаңа технологияны ендіру;
- Оқу және зерттеу, ақпаратпен жұмыс істеу, сын тұрғысынан, проблемаларды шешу, қарым-қатынас және ынтымақтастық, түсінігін қалыптастыру;

- Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- Салауатты өмір салты дағдыларын, дене дамуы мен психологиялық

- денсаулығын сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін қалыптастыру үшін кеңістік орнату;

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасының құжаттары

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы

№988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Мектептегі тәрбие жүйесі жеке тұлғаға тиімді және мақсатты құрылған тәрбие үрдісінің бір бөлігі. Тәрбие жүйесінің құрылымы: сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, ата-аналар қоғамдық кеңесі, балалар мен жасөспірімдер ұйымы, ұлдармен, қыздармен жұмыс, психологиялық қызмет, әлеуметтік көмек, кітапханалық қызмет, құқықтық кеңес, үйірмелер, бағыттарымен жұмыс атқарылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жасалды.

2022-2023 оқу жылында тәрбиенің 8 бағытын негізге ала отырып 70 іс-шара жоспарланып, өткізілді.

I. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру

2022-2023 оқу жылының 1 қыркүйегінде №48 мектеп-лицейінде Білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. Сонымен қатар, 2-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өтті. 2022-2023 оқу жылында 12 іс-шара жылдың басынан жоспарланып, жақсы деңгейде өткізілді. Айта кету керек осы бағыттағы іс-шараларды өткізуде мектеп білім алушылары мен сынып жетекшілері белсене атсалысты. Осы бағыт бойынша іс-шараларға мектебіміздің 1030 білім алушысы қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 61%-ы қамтылды.

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» және «Елжандылық- тәрбие діңгегі». Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні аясында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатына мектебіміздің 100% білім алушысы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Конституция күні	60
XX тілдер фестивалі	50
«Рәміздерім-мақтанышым»	70
«Ана-шапағат, Ана-махаббат»	50
«Наурыз тойы-жыр аңыз»	80
«Ел бірлігі-достық бастауы»	120
«Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры». Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні аясында өткізілетін концерт	20
Жас ұлан мен Жас қыран қатарына қабылдау жиыны	160
Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет	240
«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» акция	70
«Ұранды ердің –ұрпағы қайсар»	70
7-9 мамыр – мерекелеріне арналған іс-шаралар	
Сыңғырла соңғы қоңырау	40
Бірінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	1030

II. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты

Мақсаты: адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім;құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастыру

2022 -2023 оқу жылында осы бағыт бойынша 12 сыныптас тыс іс- шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді. Оқуға құштар мектеп жобасы жыл бойы үздіксіз жұмыс жасады. Жоба аясында «Кітап бәйгесі» ұйымдастырылып, жыл соңында оқыған кітаптары арқылы тест алынып, жеңімпаздарға велосипед табысталды. Қайырымдылық акциясы өткізілді.

Бұл бағыт бойынша 12 іс-шара жоспарланып, өткізілді. Осы бағыт бойынша жоспарланған іс- шараларға 993 білім алушы қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 59%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Мектепке жол. Қайырымдылық акциясы	58
«Ұстаз болу –жүректің батырлығы». Мұғалімдер күні аясында өткізілетін іс-шаралар	120
Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл	100
Мұхтар Әуезов туғанына 125 жыл	60
Адал ұрпақ клубы	100
Сұлулық әлемді құтқарады	30
Отбасымен кітап оқу	20
Адалдық – адамдықтың белгісі.	180
Қамқорлық акциясы	65
Діни экстремизм және лаңкестік деген не?	80
1 наурыз – Алғыс айту күні	50
Шуақты көктем жырындай! 8-наурыз мерекесіне арналған концерт	60
Екінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	993

III. Ұлттық тәрбие бағыты

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, ҚР –ның этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

2022-2023 оқу жылында Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 8 іс-шара жоспарланып, өз

деңгейінде ұйымдастырылды. Халықаралық музейлер күніне орай мектебіміздің оқушылары қаламыздағы Ұлттық мұражайға барды. Мұражайда оқушылар «Жәдігерлер сөйлейді» атты квест сабағына қатысты.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 980 білім алушы іс-шараға белсене қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 58%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
ҚР мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы	200
Рәміздер туралы сынып сағаттары	300
«Сегіз қырлы, бір сырлы»	30
«Ұлттық ойын – асыл мұрамыз»	40
«Менің өлкемнің тарихи мәдени мұралары»	170
«Қазақ тілінің білгірлері» сайысы	20
«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның белгісі» лекция	170
«Кемел тілдің келешегі» (дөңгелек стол)	50
Үшінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	980

IV. Мектептегі отбасылық тәрбие бағыты

Мақсаты: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық-сезімдері құндылығын дамыту.

2022-2023 оқу жылында 5 іс-шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді. Отбасы күніне орай 1-4 сынып оқушылары отбасы жайлы суреттер салып, көрме ұйымдастырылды.. Мектебімізде Отбасы күніне орай сынып сағаттары ұйымдастырылды. Дене тәрбиесі мұғалімдері мен 5-сынып жетекшілерінің біріге атқарып ұйымдастыруымен 5 - сыныптардың ата-аналары мен оқушылары арасында отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Ана тақырыбында тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатына сыныптардың барлығы қатысты. Мектептегі отбасылық тәрбие бағыты аясында ата-аналарға арналған «Ашық есік» күндері ұйымдастырылды. Осы күндері оқушыларымыздың ата-аналары мектепте емін еркін оқу процесін көріп, баласының тәртібін, сабағын зерттеп, ұстаздармен сұхбаттаса алды. Мектептегі отбасылық тәрбие бағыты бойынша 360 білім алушы іс-шараға белсене қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 25%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Қарттар күніне арналған іс-шаралар	70
«Менің отбасылық құндылықтарым»	100
«Ата мектебі», «Әже мектебі» жұмысы аясында жұмыстар	120
Мен атаммен мақтанамын	50
Отбасылық спорттық сайыс	20
Үшінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	360

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

2022-2023 оқу жылында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша 735 білім алушы іс-шараға белсене қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 43%-ы қамтылды. Еңбек күніне байланысты тақырыптық сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
------------------	---------------------

«Мектепті көркейтеміз-қаламызды көркейтеміз» еңбек десанты	200
«Сыныбыма тарту»	50
«Менің аулам, менің мектебім»	80
«Бүгінгі студент – ертеңгі маман»	100
«21 ғасыр менеджері»	25
Қоқысты сұрыптап жинау	100
«Менің эко-мектебім»	180
Бесінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	735

VI. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты.

Мақсаты: эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау

2022-2023 оқу жылында Осы бағыт бойынша 7 іс-шара жоспарланып өз деңгейінде өткізілді. Іс-шараларға білім алушылар белсене қатысты. Аталған тәрбие бағыты бойынша 535 білім алушы іс-шараға белсене қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 32%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және де суицидтің алдын –алу	200
«Менің бойымдағы көшбасшылық»	100
«Киберқауіпсіздік деген не?»	100
«Тапқырлар мен ақылдылар»	25
«Мен зияткер оқушымын»	60
«Көзқарас» дебат	20
«Мен кибермәдениетті қолдаймын»	30
Алтыншы бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	535

VII. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылында 9-іс-шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді. Мерекелі «Алтын күз» мерекесі өткізілді. «Күз ханзадасы мен ханшайым-2022» анықталды. «Толеранттылық-мейірімділік әлемі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Театрға, мұражайларға, көрмелерге, тарихи орындарға экскурсияға саяхат жасалды. Осы бағыт бойынша оқушылардың 51%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Менің мектептегі алғашқы күнім», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі», «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», «Менің саяхатым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!» республикалық бейнероликтердің онлайн акциясы	80
«Мерекелі алтын күз»	200
«Балалар мен театр» жобасы	80
Атақты және өнер қайраткерлерімен кездесу	100
«Шырқа, дауысым»	25
«Келдің міне, Жаңа жыл»	120
«Көктем жұлдызы»	100

«Күмбірле, домбыра»	20
Халықаралық бейбітшілік күніне шаралар	40
Жетінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	865

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулық сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

2022-2023 оқу жылында 7-іс-шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді. Денсаулыққа қатысты түрлі спорттық сайыстар, лекциялар жүргізілді. 2022 жылдың 15 қарашасы күні қалалық емхананың психолог маманы «Жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу» жөніндегі тақырыпта 10-сынып оқушыларымен дәріс өткізіп, брошюра таратты. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне орай мектебімізде асық ату үйірмесіне қатысатын оқушылар арасында "Асық ату" ұлттық спорт ойынынан жарыс өтті. Мектеп оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен спорттық отбасылық сайыс өткізілді. 670 білім алушы іс-шараға белсене қатысты. Осы бағыт бойынша оқушылардың 40%-ы қамтылды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Денсаулық күні апталығы	100
Футбол, волейбол, баскетбол мектеп лигасын ұйымдастыру	50
«Салауатты өмір салты үшін» көрме	120
«Біз темекіге қарсымыз»	100
«Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу»	100
«Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау!»	150
«Шаттық» балалар мен жасөспірімдер арасындағы шығармашылық жаңалықтардың қалалық байқауы	50
Сегізінші бағыт бойынша қамтылған білім алушылардың жалпы саны	670

2022-2023 оқу жылындағы өткізілген сынып сағаты іс-шара бойынша анализ

2022-2023 оқу жылында білім күнімен қосқанда 37 сынып сағаты және 70 іс-шара жоспарланып, өз деңгейінде өткізілді. Жолда жүру ережесі бойынша 1-4 сыныптарда 6 сағат, 5-8 сыныптарда 10 сағат жоспарланып өткізілді. Былтырғы оқу жылымен салыстыратын болсақ іс-шаралардың өткізілуінде өсім бар. Оқушылардың аудандық, қалалық, республикалық сайыстарға қатысу саны артып, жүлделі орындарды иемденді.

Тәрбие жұмысының мына басымдықтарына көңіл бөлінді: оқу үдерісінде тәрбие қызметін нығайту; оқушылардың өзін-өзі басқару қызметін жандандыру; оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру; оқушылардың бойындағы адами құндылықтар және құқықтық тәрбиеге мән беру; үйірме жұмыстары арқылы оқушылардың рухани танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Оқушылардың оқу сабақтарына қатысуын қамтамасыз ету, себепсіз сабақты босатқан оқушылармен жұмысты дер кезінде қолға алу, мектеп ғимаратында тәртіпсіздік жасаған оқушылармен олардың ата-аналарымен жұмыс, мінез-құлқында өзгерістер байқалған оқушылардың ата-аналарымен шұғыл байланыс орнатылды.

Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Білім алушылардың қажеттіліктері мен бейімділіктерін анықтау негізінде және ата-аналармен әңгімелесулер жүргізу нәтижесінде үйірмелер мен жобалар анықталып, білім алушылар қызығушылықтары арқылы топтастырылып, білім алушының жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өнердегі және жалпы болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру, және бағалау әзірлігін дамыту мақсатында мектептегі ақылы

үйірме жұмыстарын ұйымдастыруда білім алушылардың қызығушылығына қарай мынадай бағыттар бойынша жүргізілді.

Оқушылардың қосымша білім берумен қамтылуы 2021-2022 оқу жылына қарағанда 2022-2023 оқу жылында 8-% ға өскен. Білім алушыларды әлеуметтік жобаларға жобаларға қатысуы былтырғы оқу жылына қарағанда қарқынды өсіп келеді. Алдағы оқу жылында да оқушылардың қамтылуы жоспарланып отыр.

Үйірмелер мен жобалар қала деңгейінде төмендегідей нәтиже көрсетті:

«Шахмат» үйірмесі 2022-2023 оқу жылында мынадай нәтижеге жетті:

«64 шаршылы» дойбыдан қалалық чемпионаты- I орын;

Тәуелсіздік күніне арналған қалалық дойбы фестиваль - III орын;

Мектеп олимпиадасы шахматтан өткен қалалық жарыс - III орын;

«Жазғы Қазақстан» республикалық гимназиадасы - II орын;

«100 шаршылы» дойбыдан блиц түрі республикалық чемпионаты- II орын;

«100 шаршылы» дойбыдан классика түрі республикалық чемпионаты- II орын;

«100 шаршылы» дойбыдан Рапид түрі республикалық чемпионаты- III орын;



««Домбыра-Дастан» фольклорлық ансамблі» үйірмесі 2022-2023 оқу жылында мынадай нәтижеге жетті:

X қалалық «Күй қайнары» күй тартыс - I орын;

«Абыз домбыра» III Республикалық күйшілер байқауы - III орын;

«Сұлулық пен талантқа толы Астана» Республикалық - I орын;

«Күмбірлеген домбыра» қалалық байқауы - III орын;

«Жас өнерпаз» республикалық байқауы - I орын;

«Асыл мұра» қалалық байқауы - II орын;

«Ақберен» қалалық байқауы - II орын;

«Ұлы дала мұрасы» республикалық байқауы - III орын;


XVI «Shattyq-2023» - аспап жанры «Фольклорлық ансамбль» - Күміс жүлде;

XVI «Shattyq-2023» - «Домбыра дастан» ансамблі - Күміс жүлде;

«Атамұра» байқауында «Домбыра дастан» ансамблі- Гран-при;


«Атамұра» байқауында «Домбыра» номинациясы- II орын;

II қалалық «Жас екпін» байқауында «Домбыра» номинациясы- II орын.



«Шашу» халықтық би үйірмесі 2022-2023 оқу жылындағы жетістігі:

"Бәйтерек шамдары" халықаралық байқауы бойынша - I орын;
XVI «Shattiq-2023» хореография жанры- Алтын жүлде;
«Golden Fleese» халықаралық фестиваль – Гран При;
«Бала шабыт» халықаралық конкурсы - I орын



«Балдәурен» вокал үйірмесі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы жетістігі:

«Самға Қазақстан» халықаралық конкурсынан - I орын;
Республикалық «Жұлдыз» конкурсы - I орын;
XVI «Shattiq-2023» вокаль жанры- Сертификат.



«Робототехника» жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылындағы жетістігі:

Халықаралық STEM олимпиадасы – Сертификат;
«Robotek Grand Tournament 2022» қалалық – Сертификат;
Ғылыми жобалар техника секциясы - III орын;
Ә.Мақсұт атындағы «RoboZerde-2023» - Грамота.

Ә.Мақсұт атындағы «RoboZerde-2023» - Грамота.



«Волейбол» үйірмесі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы жетістігі:

- Қыздар арасындағы волейбол турнир - I орын;
- «Көңілді ойындар» оқушылар арасында жарыс - III орын;
- «Балаларды қорғау» күніне арналған жарыс - II орын;
- «Наурыз мейрамы» күніне арналған жарыс - III орын.



«Жас құтқарушы» командасы Алматы аудандық және қалалық жас құтқарушылар командалар арасында - I орын жүлдегері.



«Әскери-патриоттық» сайыстардың қорытындысы:


- «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиынында пневматикалық винтовкадан ату бойынша - III орын;
- «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиынына іріктеудің:
 - 2-кезеңі /биік белтемірге тартылу/- I орын;
 - 3-кезеңі /биік белтемірге тартылу/- I орын;
 - 2-кезеңі /шалқалап жатып денені көтеру/- I орын;
 - 3-кезеңі /шалқалап жатып денені көтеру/- I орын;
 - 1-кезеңі /пневматикалық мылтықтан оқ ату/- II орын;
 - 2-кезеңі /Командалық есеп/- II орын;
 - 3-кезеңі /Командалық есеп/- II орын;
- /Командалық есеп пневматикалық мылтықтан оқ ату/- III орын;
- Азаматтық қорғаныс күніне арналған бейнеролик сайысы - II орын;
- Аудандық «Батырлар жарысы» әскериленген кросс - III орын
- «Айбарлы ұрпақ-22» жассарбаз ойындарының «Калашников автоматты жартылай бөлшектеу мен жинақтау» номинациясы - II орын;
- «Айбарлы ұрпақ-22» жассарбаз ойындарының «Газтұмылдырықты және жалпыәскери қорғаныс жиынтығын кию» номинациясы - II орын.




Жоғарыда көрсетілген 2022-2023 оқу жылының аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық бойынша жеткен жетістіктерінің нәтижесі.

2022-2023 оқу жылының 18 қараша күні 9 сынып оқушыларнан сауалнама алынды. Оқушыларға 7 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Саулнама нәтижесі мынадай

1. Соңғы кезде сенің үлгерімің жақсарды ма?




2. Сабақ барысында түсінбей қалған сұрақтарыңыз болса мұғалімнен қайтадан сұрап алуға мүмкіндігіңіз бар ма?




- Сұрасағанмен бірінші ұрысады неге түсінбейсің деп;
- Неге тыңдамадың деп ұрысады;
- Кейбір мұғалімдер мен түсінбей қалдым десем, болды енді түсіндірмеймін дейді;

3. Үй тапсырмасын қай пәннен өз еркіңмен, ынтымамен орындайсың




4. Мектепке келудегі ең негізгі мақсатыңыз қандай?



- Өмірдің бір мақсатына жету

5. Сіз өзіңіздің алып жүрген біліміңізге қанағаттанасыз ба?



6. Сабақ үлгеріміңді жақсарту үшін қандай әрекет жасап жүрсің? (қосымша кітаптар оқу, интернет желілерінен іздену және т.б.)

- Қосымша сабақ
- Интернет желілерінен іздеймін
- Кітап оқу
- Мен ешқандай қосымшаларсыз жақсы оқимын
- Мұғалімдерден көмек сұраймын және ізденемін
- Видеосабақ көремін
- Білмеймін

7. Сіз сыныптың қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?



Қорытынды: Соңғы аптада сабақ үлгерімі жақсарып, оқуға деген қызығушылығы артып келе жатқан оқушылар бар. Сынып оқушыларының көпшілігі орыс тілі мен әдебиеті пәнін және пән мұғалімін жақсы көреді. Сабақ барысында жаңа сабақты түсінбей қалса мұғалімнен сұрауға қорқатын 6 оқушы анықталды. Мектепке келудегі басты мақсатыңыз?- деген сұраққа сыныпта 12 оқушы 50% достарымен кездесу үшін деп жауап берген. Қазіргі оқу үлгеріміне қанағаттанбайтын оқушы да жоқ емес. Сонымен бірге қосымша кітапханадан кітап алып оқитын, ізденетін оқушылар жоқтың қасы.

Ұсыныс: Социометрия тестінің қорытындысы бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын жақсарту мақсатында психолог пен сынып жетекшісі бірігіп отырып тренингтер жүргізу.

Оқушылардың сөздік интеллектін, шығармашылық қабілетін, математикалық қабілеттің жалпы деңгейін анықтау мақсатында Г.Айзенк тестін алу.

Анықтама

Қараша айының 14-18 аралығында 11-сынып оқушыларының стресске төзімділігін анықтау мақсатында «Стресс тесті» жүргізілді. Зерттеу жұмысына барлық 11 сынып оқушыларынан 106 оқушы қатысты. Нәтижесі төмендегідей:

Сынып	11 А 26		11 Ә 19		11 Б 20		11 В 23		11 Г 18		Жалпы 106	
Стресске төзімділігі жоғары	4	15%	2	10%	4	20%	5	21%	3	16%	18	16%
Стресске төзімділігі орта	15	57%	16	85%	13	65%	15	65%	11	65%	70	66%
Стресске төзімділігі ортадан төмен	7	26%	1	5%	1	5%	3	13%	4	22%	16	15%

Стреске төзімсіз	0	0%	0	0%	2	10%	0	0%	0	0%	2	2%
------------------	---	----	---	----	---	-----	---	----	---	----	---	----



Қорытынды: Тест нәтижесінде стреске төзімсіз 2 оқушы белгілі болды. Жалпы оқушылардан стреске төзімді 18 оқушы (16%), стреске төзімділігі орта 70 оқушы (66%), ортадан төмен 6 оқушы (15%) анықталды. Стреске төзімділігі төмен және ортадан төмен деңгейді көрсеткен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Оқушылардың айтуы бойынша барлығы дерлік алдағы үлкен сын ҰБТ-ны уайымдайды. Қазіргі таңда осы оқушылар психологтың бақылауында.

Ұсыныс: Зерттеу нәтижесінде төмен және ортадан төмен деңгейді көрсеткен оқушыларды үнемі бақылауда ұстау;

➤ Алдағы уақытта оқушылардың жалпы психологиялық жай-күйін анықтайтын білімфоундейшн бағдарламасы аясында жүргізілетін компьютерлік диагностика барысында аты аталған оқушыларды ерекше назарда ұстау.

➤ Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері кез-келген уақытта психологқа сұранған оқушыны сабақтан босату, мектеп психологына оқушының бара жатқанын хабарлау.


4-сынып оқушыларымен жүргізілген «Біліктілік деңгейін анықтауға арналған» тест жұмысының анықтамасы

Жоспарға сәйкес сәуір айының 19-20 күндер 4-сынып оқушыларынан біліктілік деңгейін анықтауға арналған тест жұмысының 4 «А» сыныбынан 19 оқушы, 4 «Ә» сыныбынан 19 оқушы, 4 «Б» сыныбынан 21 оқушы, 4 «В» сыныбынан 18 оқушы, 4 «Г» сыныбынан 21 оқушы, 4 «Д» сыныбынан 23 оқушы, 4 «Е» сыныбынан 19 оқушы барлығы 140 оқушы тест қатысты. Психологиялық тест жұмысына балаларының қатысуына қарсы болған ата-аналар саны – 4 оқушыға тест жұмысы жүргізілмеді.

Сыныптар бойынша

сыныбы деңгейі	4 «А»	4 «Ә»	4 «Б»	4 «В»	4 «Г»	4 «Д»	4 «Е»
	19 оқушы	19 оқушы	21 оқушы	18 оқушы	21 оқушы	23 оқушы	19 оқушы
жоғары	4 (21%)	-	-	2 (11,1%)	2 (9,5%)	1 (4,3%)	1 (5,2%)
орта	14 (73,6%)	14 (73,6%)	14 (66,6%)	16 (88,8%)	18 (85,7%)	21 (93,3%)	17 (89,4%)
төмен	1 (5,2%)	5 (26,3%)	7 (33,3%)	-	1 (4,7%)	1 (4,3%)	1 (5,2%)

Сыныптар бойынша төмен көрсеткен оқушылар



Қорытынды пікір: 4-сыныптар бойынша тестке барлығы 140 оқушы қатысты оның ақыл-ойы мен логикасының даму деңгейі жоғары көрсеткен 10 оқушы 7,1%, орта деңгейді көрсеткен 114 оқушы 81,4%, ал төмен деңгей көрсеткен 16 оқушы 11,4% көрсетті.

Ұсыныс пікір:

- бастауыш сыныптан бастап оқушыларды логикалық ойлауға қалыптастыру;
- оқушылардың қоршаған орта туралы түсініктерін арттыру;

- келер оқу жылдың басында төмендегі оқушылармен психокоррекциялық жұмыстар жүргізу.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ ТӘРБИЕ БӨЛІМІ ТАЛДАУЫ

Мектепте тәрбие қызметін жүзеге асыратын кадрлар тізімі:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Кушбаева Айнур Кабылтаевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Сарсембетова Каракоз Серикбаевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3	Бекебаева Назгуль Темирхановна	Әлеуметтік-педагог
4	Ермекқызы Ардақ	Мектеп-психологі
5	Демесинова Айым	Мектеп-психологі
6	Махшар Айжан	Кітапхана меңгерушісі
7	Ускенбаева Гульжан	Кітапханашы
8	Сейтбек Күләш	Аға тәлімгер

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананаң өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастарлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауакершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша, ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП бойынша мектептің жылдық тәрбие жұмысының жоспары, Астана қаласы ББ жоспары негізінде құрылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы мынадай құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) Неке (ерлі-зайыптық) және отбасы туралы «Қазақстан Республикасының Кодексі. 2011 жылғы 26 желтоқсан»;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының заңы;
- 5) Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы № 214-IV Заңы»;
- 6) Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «құндылықтар негізінде білім беру» жобасы.

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы.

2023-2024 оқу жылында білім беру процесінде шешілетін мәселелер:

1. Мектеп пен отбасы арасындағы үйлесімді құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қатынастарды тұрақты дамыту;
2. Кәмелетке толмағандар үшін, сондай-ақ олардың отбасылары үшін қолайсыздықтарды анықтау бойынша тиімді профилактикалық жұмысты жүзеге асыру;
3. Білім алушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында пәндік және спорттық секциялардың жұмысын жүйелі ұйымдастыру;
4. Балаларды дұрыс тәрбиелей алмаған отбасылардың негізгі проблемаларын және олардың себептерін анықтау, зерртеу, зерттеу бойынша жұмыстар жүргізу;
5. Өмірлік қиындықтар туындаған жағдайда мемлекеттік қамқорлыққа мұқтаж отбасыларға көмек, заңгерлік кеңес, заң шеңберінде әлеуметтік көмек алу үшін психологиялық қолдау;
6. Сынып жетекшілерінің кәсіби құзыхыреттілігін дамыту шеңберінде семинарлар, кездесулер, кәсіби конкурстар, педагогикалық оқулар ұйымдастыру;
7. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, оқушылардың заңдық жауапкершілігі мен заңға бағынышты міне-құлқын қалыптастыру саласында күнделікті бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;
8. Тәрбие жұмысының сапасы мен нәтижелерінің тұрақты мониторингі.

2023-2024 оқу жылында оқушылар контингенті – 1714 баланы құрайды.

Әлеуметтік паспорты 2023-2024 оқу жылы

Мектептің мекен-жайы: Жирентаева 15/2

Сынып-жиынтықтар саны: 70

1-4 сыныптар – 625

5-9 сыныптар – 884

10-11 сыныптар – 205

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	саны
	Барлық оқушылар	1737
	Отбасы түрі бойынша:	
1.	Толық отбасылар	543
2.	Толық емес отбасылар	110
	Анасының тәрбиесінде	130
	Әкесінің тәрбиесінде	12
	Тәтесінің (ағасының) тәрбиесінде	2
	Атасының тәрбиесінде	-
	Әжесінің тәрбиесінде	2
	Оның ішінде өгей әкесінің тәрбиесінде	10
	Оның ішінде өгей шешесінің тәрбиесінде	3
3.	Анасы жоқ балалар	9
4.	Әкесі жоқ балалар	69
5.	Көпбалалы отбасы	287 отбасы, 600 оқушы
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы, АСП	Аз қамтылған -97, АСП-30
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	5

9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	9
Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	391
2.	Техникалық және кәсіптік	86
3.	Орта	89

Оқу жылы басында мектепте оқушылардың психологиялық, медициналық мониторинг көрсеткендей, мектеп-лицейде толық отбасылардан шыққан балалары 87%, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар 5 % ғана құрайды.

Мектепте тәрбие жұмысы бойынша төмендегі (жоба, үйірме, клуб) жұмыстары жүргізіледі.

1. Мектеп парламенті» ұйымы. Жетекшісі: аға тәлімгер К.Сейтбек.
2. Тәрбие жұмыс жоспарының іске асырылуы. ДТЖО А.К.Кушбаева
3. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы. 1-11 сыныптар. Жауаптылар: А.Махшар. Г.Ускенбаева.
3. «Ахметтану» дебат клубы. Жетекшісі: Тарих пәнінің мұғалімі А.Сапарғали.
4. АӘДТ –тің жоспарының іске асырылуы. Жауапты: Ж.И.
5. «Жас құтқарушылар» отряды 8-10 сыныптар арасы. Жетекшісі: Н.Бекебаева.
6. «Волейбол» қыздар спорттық үйірмесі 5-6 сыныптар арасы. Жетекшісі: Г.Жетпісбаева.
7. «Шашу» би ансамблі. Жетекшісі: Т.Рахат.
8. «Балдәурен» вокал үйірмесі. Жетекшісі: Г.С.Амирова.
9. «Күмбірлеген домбыра» үйірмесі. Жетекшісі: Г.С.Амирова.
10. «Шахмат» үйірмесі. Жетекшісі: С.Исаев.
11. «Жасыл ел» оқушыларды еңбекке баулу бағдарламасы. Жетекшісі: Н.Т.Бекебаева.

МЕКТЕПТЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ ІСКЕ АСУЫ.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Мектеп Парламенті

Мектеп Парламенті ұйымының мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту,

әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

2023-2024 оқу жылында негізгі тұжырымдамаға сәйкес 2022-2023 жылы сайланған Парламент мүшелері яғни 9-10 сынып оқушылары өз жұмыстарын аяқтады. 2023 жылдың қыркүйек – қазан айларында Мектеп парламенті ұйымының президенті және оның мүшелерін жаңадан тағайындау бойынша мектепшілік сайлау өткізілді. Сайлау демократиялық түрде өткізілді, оның комиссия мүшелері 2022-2023 оқу жылында жұмыс атқарған Мектеп парламенті ұйымының мүшелері өздері ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізді. Астана қаласында МжСП президентінің өткізу туралы жалпы ережелері және ұйымдастыру, кандидаттарды ұсыну, сайлау алды үгіт-насихат, дауыс беру тәртібі, сайлаушылардың дауыстарын санау, сайлау нәтижелерін анықтау, мектеп президентінің қызметіне кірісу және оның өкілеттігін тоқтату жайлы М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы директорының орынбасары Алмагул Борисовна жиналыс өткізді. Жалпы бұл сайлау Астана қаласы бойынша бір күні, бір уақытта, бірдей өтетіндігін айтты. Сайлауды ұйымдастыру және учаскелік сайлау комиссияларын бекітіп, комиссия мүшелерінің бірінші отырысы өткізілді.

**МжСП президентінің сайлауын өткізу туралы
2023-2024 оқу жылындағы сайлау комиссиясының құрамы**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Сайлаудағы қызметі
1	Темиркулова С.К	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Төраға
2	Асан Мейіржан	Мектеп президенті 2022-2023	Төрағаның орынбасары
3	Нұрсипат Амзиева	Ақпарат министрі	Хатшы
4	Жанболат Малика	Мәдениет министрі	Комиссия мүшесі
5	Ахмедина Ақбота	Дебат қозғалысы фракциясы	Комиссия мүшесі
6	Сұлейменова Аделя	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы	Комиссия мүшесі
7	Дүйсенбай Аделя	Қамқорлық фракциясы	Комиссия мүшесі

Мектеп президентіне үміткерлердің тізімі

№	Үміткердің аты-жөні	Сыныбы
1	Серік Жігер	9 «Ә»
2	Нұржанұлы Нұрхан	9 «А»
3	Иманхан Қазына	10 «Б»
4	Сайдуллаева Аяла	8 «А»
5	Ералхан Сабина	8 «Е»

https://www.instagram.com/p/Cxrel7woO7C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Те бастайтын уақыт! Время действовать нам!

М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы мектеп және студенттік Президентін Сайлау

туралы нұсқаулық бойынша сайлау өз кезегінде әділ өтті. 21 қазан күні Астана қаласында Мектепшілік және студенттік парламент президентінің сайлауы барлық білім беру ұйымдарында осы күні өткізілді. Сайлау комиссия мүшелері, бақылаушылар, сайлаушылар барлығы уақытында келіп өз жұмыстарын бастады. Сағат 10:00-де ҚР мемлекеттік әнұраны айтылды, экс-мектеп президенті және оның белді мүшелері сайлауды ашық деп жариялады.

МЕКТЕП ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР ПРЕЗИДЕНТТЕРІН ҰЛЫҚТАУ «Жаңа қадам» 2023 жылы 27 қазанда М.Өтемісов атындағы оқушылар сарайында Астана қаласының білім беру ұйымдарының мектеп Президенттерін ұлықтау іс шарасы керемет өтті. Қазақстан Республикасының әнұранын орындау осы тамаша іс-шараға ерекше көрініс сыйлады. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің президенті болып сайланған 9 «А» сынып оқушысы Нұржанұлы Нұрхан мектептің өзін-өзі басқару көшбасшысы ретінде алғаш рет өз қызметін көрсетті. Инаугурация кезінде жаңадан сайланған президенттер өз ұйымының абыройын көтеруге, мектеп пен оқушылардың арасындағы байланыстырушы буын болуға салтанатты түрде уәде берді. Президенттер өздерін тек көшбасшы ретінде дамып көруді ғана емес, небір шешімдерді дұрыс қабылдауды, ұйымшылдықты кеңейте білуді, команданы бірлестіре білуді, дұрыс басқара білуді үйренуге мүмкіншіліктері бар.

Фракция басшылары: 5

Парламент мүшелері: 25

Белсенді оқушылар саны: 37

Біртұтас тәрбие, құндылыққа негізделген тәрбие бойынша жылдық жоспарды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және Мектеп Парламент мүшелерімен бірлесіп құрастырылды. Өз жұмыстары жайлы түсіндірме жұмыстарын яғни, әрбір фракцияның, министрлердің өз лауазымдарына деген жауапкершіліктері мен қызығушылықтарын арттыратындай жұмыстар жүргізілді. Мектептің белсенді оқушыларымен танысып болған соң, директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарлары бірлесе отырып, жылдық жоспарды құрды. Мектеп президенті Нұржанұлы Нұрхан және «Атқару», «Азаматтық», «Жоба», «Event», «Медиа» фракция мүшелерімен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлармен отырыс өткізді. Жалпы отырыс барысында жылдық жоспарларымен яғни атқаратын жұмыстары жайлы ойларымен бөлісті. Мектеп президенті және фракция мүшелері алдағы уақытта жасалынатын іс-шаралар мен жобаларымен таныстырды.

SWOT талдауы

Күшті жақтары	<ul style="list-style-type: none"> -Тәрбие бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде. - Қосымша білім беру ұйымдары және оқушылар үйімен тығыз байланыс жасау нәтижесінде оқушылар ұлттық құндылықтарға қатысты мол тәжірибе жинақтауда. - Ата-аналардың жалпы білім беру іс-шараларына қатысуы; - Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие және дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарының жоғары нәтижелілігі. - «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысының жүйелілігі.
Әлсіз жақтары	<ul style="list-style-type: none"> - Өзін-өзі басқару қызметі мектепте әлі де дербес сипатта болмауы; - «Өзін-өзі басқару» ұйымына белсенділер толық қамтылмаған; Қатерлер - Жоғары сынып оқушыларының мектептен тыс іс-шараларға аз қатысуы, көбі қосымша білім алуда.
Мүмкіндіктер	<ul style="list-style-type: none"> - «Өзін-өзі басқару» ұйымы аясында, оқушылардың өзін – өзі басқаруы үшін жарқын, белсенді және лайықты болашақ көшбасшыларды

1 қыркүйек – білім күні «Мектеп- мейірім мекені» жауапкершілік айының ашылуы

Мектеп-лицейде 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиын ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталып, балапандардың әсем ән-биімен жалғасын тапты. Жиында мектеп директоры Ғани Бақытұлы оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Сонымен

қатар, жиынға білім саласында жетістікке жетіп, талай шәкіртті ұямыздан ұшырған ардагер ұстаздарымызқатысты.

https://www.instagram.com/reel/Cwp9wHftQ87/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



"МЕКТЕБІМ - МЕЙІРІМ МЕКЕНІ" сынып сағаты

1 қыркүйек – білім күні «Мектеп- мейірім мекені» тақырыбында өткізілген салтанатты жиынды сынып жетекшілері оқушыларымен бірге сыныптарда жалғастырды. Білім күніне орай өткізілген білім сағаттарының басты мақсаты балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейте отырып, психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету; Сонымен қатар, мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу болып табылды.

https://www.instagram.com/p/CwsKcT0oE79/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



«Кел, балалар, оқылық» қалалық челлендж

Астана қаласы Білім басқармасы және Мектепшілік және студенттік парламенттің ұйымдастыруымен тілдер апталығы аясында Ы.Алтынсариннің “Кел,балалар,оқылық” атты қалалық флешмобы өткізілді.

Ыбырай Алтынсариннің “Кел,балалар, оқылық” өлеңін оқу челленджіне мектеп оқушылары да белсене ат салысты.

https://www.instagram.com/reel/Cw4nKVdolvF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



«Сергіту сәті» челлендж

Астана қаласы Білім басқармасы және Мектепшілік және студенттік парламенттің ұйымдастыруымен “Сергіту сәті” челленджі өткізілді. Қалалық челленджге біздің мектепте қатысты. 1-4 сыныптар бойынша 72 оқушы, 5- 9 сыныптар бойынша 55 оқушы, 10-11 сыныптар бойынша 21 оқушы қамтылды. Барлығы: 148 оқушы.



«А. Байтұрсынұлы - адамдық пен білім диқаншысы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары

5 қыркүйек күні мектебімізде «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараның мақсаты оқушыларға Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен ұстаздық қызметінің мәні - жас ұрпақты шыншыл, еңбексүйгіш, Отанына адал, елінің ең жақсы дәстүрлерін жалғастыратын тұлға тәрбиелеуге бағытталғандығын ұғындыру. Бағдарламаға сай ұйымдастыру кезеңінде оқушылармен «Ұшқыр ой мен шешен тіл» зияткерлік ойыны өткізілді. Алғашқы сабақ «А. Байтұрсынұлы - адамдық пен білім диқаншысы» тақырыбындағы бірыңғай сынып сағатымен басталды. Сонымен қатар, 9,10 сынып оқушыларымен өткізілген «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбындағы іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты, айтыскер ақын Ринат Зайытов, Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Абдраимов қонақ ретінде қатысты. Мектебіміздің болашағынан зор үміт күттіретін тәлімді шәкірттеріміз Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары мен жыр-шумақтарын мәнеріне келтіре орындап, тыңдармандарды тәнті етті.

Ақыл-ой қазынасының мекеніне айналған мектеп кітапханасында «Еңселі елдің тұлғасы» Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына арналған дөңгелек үстел өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерін жатқа оқып, сайысты.

https://www.instagram.com/p/Cw4QqDAoGc3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



«Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттың ұлы ұстазы» іс-шарасын ұйымдастыру Рухани нәр беретін кездесу кеші

5 қыркүйек мектебімізде Қазақстан халқы тілдері күні мен Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне, ақындар айтысы жобасына орай Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты, айтыскер ақын Ринат Зайытовпен кездесу өтті. Кездесуге мектептің оқушылары мен ұстаздар қауымы қатысып, ой бөлісті. Іс-шара барысында кеш қонағы Ринат Зайытов тіл мәселесіне тоқталып, өз шығармасынан үзінділер оқыды. Сонымен қатар, оқушылардың сауалдарына жауап бере отырып, суырып-салма ақын ретінде өлең жолдарын шығарып, арнау арнады. Кездесу барысында мектеп директоры Ғани Бақытұлы сөз алып, іс-шараны ұйымдастыруға мұрындық болған Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Абдраимовке алғыс білдірді. Іс-шараның соңы мектептің өнерлі оқушыларының әдеби-сазды бағдарламасымен жалғасты.

https://www.instagram.com/reel/Cw0G1kqI8gw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Практикалық жаттығу өткізілді

Ахмет Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейде Астана қаласы, Алматы ауданы әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас маманы Ермағамбет Ертуған Ермағамбетұлы және аудандық ТЖД аға инженері Сериков Руслан Талғатұлының қатысуымен практикалық жаттығу өтті. Шара мақсаты персонал қызметкерлерінің іс-қимылын пысықтау, төтенше жағдайлардың алдын алу. Жаттығу барысында №12 эвакуациялық жинақтау пунктінде оқу-жаттығу штабы құрылып, әр топтың жұмысы талқыға түсті. Жиын соңында штаб қызметкерлеріне төтенше жағдай кезінде жедел әрекеттер бойынша ақпараттар айтылып, кеңестер берілді.

https://www.instagram.com/reel/Cw5CCRRIOJW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Республикалық Отбасы күніне орай апталық ұйымдастыру ОТБАСЫ – БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ҰЖЫМЫ

Республикалық Отбасы күніне орай 2023 жылдың 11-16 қыркүйек күндері «Жарасымды үштік: отбасы-бала-мектеп» тақырыбында апталық өткізілді.

- 1 – КҮН: «Ата-аналар» мектебінің отырыстары
- 2 – КҮН: «Жарасымды үштік: отбасы-бала-мектеп» семинар-тренинг
- 3 – КҮН: «Отбасы және қоғам» дөңгелек үстел
- 4 – КҮН: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әжемнің ертегісі» жобасы (1-4 сыныптар үшін)
- 5 – КҮН: «Біз біргеміз!» отбасылық спорттық ойындар

https://www.instagram.com/p/CxIVebGoMtX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Республикалық отбасы күніне орай “Жарасымды үштік: Отбасы-Бала-Мектеп” тақырыбы аясында мектебімізде семинар-тренинг сабақ

Тренинг-сабаққа “Сенімен Болашақ” РҚБ Астана қаласы филиалының директоры Шерхан Жұмабекұлы қатысып, ата-аналарға баламен жақсы қарым-қатынас құру жолдарымен бөлісті.

Мектебіміздің қамқоршылық кеңес төрағасы- Шаяхметов Дамир Рамазанұлы қамқоршылық кеңес жұмысының барысымен таныстырып, ата-аналарды бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Мектеп директоры Ғани Бақытұлы ата-аналармен кездесіп, мектеп, оқушы, ата-ана арасындағы байланысты нығайту жолындағы келелі мәселелерді талқылады.

https://www.instagram.com/reel/CxIY1bHo4NS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Республикалық Отбасы күніне орай апталық ұйымдастыру “Отбасы және қоғам” тақырыбындағы дөңгелек үстел

Республикалық отбасы күніне арналған апталық аясында “Отбасы және қоғам” тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты білім алушылар арасында отбасы институтының құндылығын қалыптастыруға ықпал ету. Дөңгелек үстелге мектебіміздің белсенді оқушылары, мұғалімдермен ата-аналар қауымы қатысты. Отбасындағы бала рөлі және бала еркіндігі туралы сөз қозғалып, кездесуге қатысып отырған қатысушылар бір-бірінің ойын тыңдап, толықтыра түсті.

https://www.instagram.com/reel/CxIhXiLIQ25/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Республикалық Отбасы күніне орай апталық ұйымдастыру “Біз біргеміз!” спорттық ойыны

Республикалық Отбасы күніне арналған “Жарасымды үштік: Отбасы-Бала-Мектеп” апталығы аясында “Біз біргеміз!” спорттық ойыны өткізілді. Эстафетаға 3-сыныптар арасынан отбасы мүшелері қатысты. Мақсаты: салауаттану-адам жанының, тәнінің, денсаулығының тазаруы, салауатты өмір салтын ұстануға білім алушыларды тәрбиелеу. Эстафета әр түрлі кезеңдерден ұйымдастырылып, сайыс нәтижесі уақыт жылдамдығын есептеу арқылы шығарылды.

https://www.instagram.com/reel/CxN4i9gl-sj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Республикалық Отбасы күніне орай апталық ұйымдастыру “Отбасы құндылығы” Fail конференция

Отбасы күні аясында “Отбасы құндылығы” тақырыбы бойынша қалалық Fail конференция өткізілді. Конференция бала тәрбиесінде алатын отбасы құндылығының маңыздылығын көрсету болатын. Келген ата-аналар отбасы құндылығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибелермен бөлісіп пікірлерін ашық айтты.

Fail конференцияның мақсаты – қатысушылар мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығына өз мысалдарын келтіре отырып, кәсіби өсу және қарым-қатынас кедергісін жеңу бойынша бастарынан өткен сәтсіз тәжірибелерімен бөлісу болып табылды.

https://www.instagram.com/reel/CxP4pptIbYU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Тазалық – денсаулық кепілі

Мектеп оқушыларымен ұстаздар қауымы жалпықалалық сенбілікке шығып, тазалық жұмыстарына өз үлестерін қосты. Тазалық – денсаулық кепілі. Мектеп ұстаздары мен оқушыларымыз жалпықалалық тазалық шарасына қатысты. Сенбілікті таңғы сергіту сәтінен бастаған әрбір әдістемелік пән бірлестіктері белгіленген аумақты қоқыстан тазалау жұмыстарын жүргізді. Ағаш түптері тазаланып, мектеп ауласы қоқыстардан тазартылды. Сенбілік соңында шараға белсенділік танытып, арнайы уақыт бөліп келген ұстаздарға ыстық бауырсақтар мен тоқаштардан шәй дастарханы ұйымдастырылды. Жылдан жылға көркейіп келе жатқан білім ордасының ажары оның тазалығына да байланысты.

https://www.instagram.com/p/CxP63axIo0k/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==




Мектеп парламентін сайлау комиссиялары, жалпы өтілуін ұйымдастыру

Мектеп Президентін және мектеп Парламентін сайлау – бұл мектеп-лицей оқушыларының өзін-өзі басқаруға қатысу формасы, ол оқушылардың мұғалімдер құрамымен және мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге белсене қатысуын қарастырады. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің негізгі мақсаты: оқушылардың мектептегі басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және Зияткерлік мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Осыған орай, бізде Мектеп Парламентін және Мектеп Президентін сайлау рәсімінің алғашқы қадамын жасадық. Сайлау форматын, уақытын анықтап, оқушылар арасында үндеу жүргізілді. Мектеп қабырғасындағы әр сәтін қызықты әрі мектепке тиімді өткізгісі келетін әр оқушы сайлауға қатыстырылуы керек.

https://www.instagram.com/p/Cxrel7wo07C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CxrjNEYIDET/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==




Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай “Ата-ана ұлағаты-ұрпаққа аманат” тақырыбында іс-шаралар ұйымдастыру «Ахмет» дебат клубының жұмысы

Пікір –сайыс ойын арқылы оқушылардың ойлау, ақпаратты ұсыну дағдыларын, шешендік өнерді дамыту мақсатында «Ахмет» дебат клубы жұмыс жасайды.

Жетекшісі: тарих пәнінің мұғалімі Сапарғали Алихан. 2023-2024 оқу жылына арналып жасалған жұмыс жоспарымен кезекті жұмыстар өткізілді. «Ахмет» пікірсайыс клубының жетекшісі Сапарғали А.Д. ұйымдастырумен “Ата-ана ұлағаты-ұрпаққа аманат” атты іс-шара аясында “Бізге қарттар үйі қажетпе?” деген тақырыпта пікірсайыс өткізілді. Жоғарыда аталған тақырыпқа клуб мүшелері екі топқа бөлініп өз позицияларын таңыстырды. Пікірсайыстың басты мақсаты оқушылардың бойында жақынға деген жанашырлық сезімін ұлғайтып, үлкенге құрмет көрсете білуге баулу.

https://www.instagram.com/p/CxsdloEI nt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай

“Ата-ана ұлағаты-ұрпаққа аманат” тақырыбында іс-шаралар ұйымдастыру

Халықаралық қарттар күніне арналған “Ата-ана ұлағаты-ұрпаққа аманат” апталығы бойынша 5-7 сыныптар “Қарттарымның асыл тұлғасы” тақырыбында эссе жазды. Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың қадір – қасиетін сіңіре отырып үлкенді сыйлай білуге, өз ата – бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CxuT7QhIusL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы оқу-жаттығу

2023 жылы 27-қыркүйек күні мектебіміздің оқушылары, мұғалімдері және тех.қызметкерлері үшін өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы оқу-жаттығуы өтті. Мақсаты: Оқушыларды төтенше жағдайлардың алдын алуға, қауіпсіздік сақтауға, кез-келген төтенше жағдайларда дұрыс әрі жылдам іс-әрекет жасауға үйрету. Барлық қызметкерлер мен оқушыларға терроризм қауіптілігі және өрт қауіптілігі туындаған жағдайда дұрыс әрі жылдам эвакуация жасау тәртібі түсіндірілді. Қосымша есіктер мен дабыл беру құралдарының жұмысы іске қосылып, Кезекшілер және жауапты қызметкерлер оқушылардың қауіпсіз далаға шығуына бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетті. Терроризмге қарсы орталық және Төтенше жағдайлар департаменті мамандары техникалық құралдардың жұмысын тексеріп, мектеп әкімшілігі, күзет және мұғалімдерге түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/reel/CxvWKn8o7Ki/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



”Қариясы бар үйдің қазынасы бар” кездесу

”Қариясы бар үйдің қазынасы бар” тақырыбы аясында кітапханамызда кездесу өткізілді.

Мақсаты: жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Кездесуге арнайы шақырылған қонағымыз 4 «А» сынып оқушысының әжесі Самекова Алмақыз. Әжемізге 4-сынып оқушылары жүрекжарды тілектерін арнап, әжелеріне өлең жолдарын арнады. Көпті

көрген қарт әжеміз балаларына өз өсиетін, өмірден түйгендерімен бөлісіп, ақ батасын берді.
https://www.instagram.com/reel/Cxw-2QIGfL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Құрмет айының ашылуы

«Жақсыменен өткізген жарты сағат» кездесу

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде Момынкұлова Алтын мұғалім аудиториясында «Жақсыменен өткізген жарты сағат» атты кездесу-сұхбат өтті. Кездесу тұлғасы- «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та оқыған, қазіргі табысты фермер-Жүзбаев Дәлел болды. Дана халқымыз: «Жақсыменен өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей»-, деп бекер айтпаса керек. Негізгі кездесу-сұхбат кейіпкері Дәлелдің өмір жолымен таныса келе, балалар үлгі етерлік тұлға екендігіне көз жеткіздік. Америкадағы оқу кезеңі, өз еліне келіп ауыл шаруашылығын жаңа технологияның соңғы жаңалықтарымен үндестіре байланыстыруды, бір өңірдің әлеуметтік жағдайын көтеруі, қандай білімді, еңбекқор тұлға екенін білдік. Кездесу-сұхбатқа қатысқан оқушылар адамның мақсатқа жету үшін қандай сатылардан өту керектігін ұқты. Барлық ұлы істер білім мен еңбектің нәтижесінде жүзеге асатынын түсінді. Мектебіміздің абыройын еңбектеп тапқан ардагер ұстаз Алтын Момынкұлова биылғы жаңа ашылған өз атындағы аудиторияға тұңғыш келген қонағына ыстық ықыласпен жылы сөзін арнады.

https://www.instagram.com/reel/CxxXadloWfl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



“Қарттарыңды сыйлай біл” қамқорлық көрсету

Халықаралық қарттар күніне орай ұйымдастырылған апталықты мектебіміздің жас мамандары қорытындылады. “Қарттарыңды сыйлай біл” қамқорлық көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Жас мамандар ашық құттықтау қағазына өз тілектерін жазып, тәтті сыймен құрметтерін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/Cxxq8 fl5ay/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні» өткізу.

Өзін-өзі басқару күні

Мектебімізде мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» өзін-өзі басқару ұйымы өз жұмысын жүргізді. Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін - өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

https://www.instagram.com/reel/CyAsc61IPpw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



**Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күнін» өткізу.
Өзін-өзі басқару күні**

05.10.23 күні мектебімізде 11-сыныптар ұйымдастыруымен «Дублер күні» өткізілді. Білім алушылар өзін-өзі басқару күнінде 11 сынып оқушылары төменгі сыныптарға және мұғалімдерді 12 «А, Ә, Б» сыныптарына бөліп, 11 «А, Ә, Б, В» сынып оқушыларынан екі оқушыдан сабақ берді. Оқушылар өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып шықты. Сыныптарға бөлінген дублер оқушылар жақсы сабақ өрнегін көрсетіп, белсенділікпен атсалысты. Әрі қарай «Ұлағатты ұстаз- қоғам тірегі» тақырыбында 11- сыныптардың ұйымдастыруымен мерекелік кеш өтті. Мерекелік кеште оқушылар ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, өз өнерлерін ортаға салды.

https://www.instagram.com/reel/CyDO5PXiL3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



**Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күнін» өткізу.
«Ұлағатты ұстаз- қоғам тірегі» мерекелік кеш**

«Ұлағатты ұстаз- қоғам тірегі» тақырыбында 11- сыныптардың ұйымдастыруымен мерекелік кеш өткізілді. Мерекелік кеште оқушылар ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, өз өнерлерін ортаға салды.

https://www.instagram.com/reel/CyDWIFNIa9c/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



**25 қазан - Республика күніне орай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Әнұранын орындау челленджі**

Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.



25 қазан-Республика күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру

25 қазан-Республика күніне орай "Менің Отаным-Қазақстан!", "Егемен елдің ұланымын" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа

жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру.

25-қазан Республика күніне арналған **“Өнерімді еліме арнаймын” атты композитор Қанат Уәлиұлы Едресовпен кездесу кеші** ұйымдастырылды. Кеш барысында патриоттық әндер шырқалып, композитордың шығармашылық жолымен танысты. Кездесу қонақтары Жанги Ардабек, Алматы Жаңбырбайұлы, Саида Еркінқызы және шәкірттері Баударбекова Толғанай, Оралғазин Әлинұр автор әндерін шырқады. 25-қазан Республика күніне арналған 10-сыныптар арасында **“Жас мергендер” сайысы** өткізілді. Жарыстың мақсаты: Жасөспірімдердің бойында өз Отанына деген адалдық сезімдерін, жоғары патриоттық сананы қалыптастыру; Отан мүдделерін қорғауда, конституциялық міндеттерін және азаматтық борышын орындауда жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу. 25 қазан-Республика күніне орай **“Алға,Қазақстан” әуенімен флешмоб** ұйымдастырылды. Дене шынықтыру мұғалімдерінің қатысуымен өткізілген флешмоб 7-8 сыныптарды қамтыды.

https://www.instagram.com/p/Cy1dVdsLccQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CyxVmnql78/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CyxS33mlNtF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CyxWJlylXMM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cywd1QclzSq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Баланың бас ұстазы - ата-ана» тақырыбында ата-аналарға арналған Ашық есік күні

28 қазан күні мектебімізде «Баланың бас ұстазы - ата-ана» тақырыбында ата-аналарға арналған Ашық есік күні өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана мен сынып жетекшісінің тығыз байланысы маңызды екенін түсіндіру. Ашық есік күнінде мектебімізде аймақтар жұмыс жасады. Q-talks аймағында бала тәрбиесіне, құндылықтарға байланысты зерттеу жүргізіп жүрген «Сенімен Болашақ» Республикалық қоғамдық бірлестіктің Астана қалалық филиал директоры, педагог-тренер, коуч Шерхан Жұмабекұлы Арапбай бала тәрбиесінде кездесетін түрлі мәселенің алдын алу үшін түрлі форматта ата-ананы оқыту жұмыстары туралы орталықтың жұмыстарымен таныстырып, осы тақырыпта ата-ананы бірлесіп жұмыс атқаруға шақырды. Мектеп мұғалімдері Н.Т.Омаршаева, Г.С.Мамекова, А.С.Биходжаева «Ата-ана өмірінің басты мақсаты - бақытты адам тәрбиелеу» тақырыбында, А.Г.Абуева, С.Темиркулова, Ф.Н.Айтмуратова «Позитивті тәрбие» тақырыбында, С.С.Мауленов, Ә.С.Рахимбекова «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» тақырыбында семинар-тренинг сабақтар өтті. Кездесу соңында ата-аналар жақсы пікірде кері-байланыстарын қалдырды. «Мұғалім қонақ бөлмесі» аймағы бойынша сынып жетекшілер және пән мұғалімдері ата-аналарға білім алушылардың 1 тоқсанның қорытындысы бойынша кеңес берумен жалғасты.



”Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағарту жобасы

”Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағарту жобасы жүзеге асырылып басталды. Бірінші тоқсанда оқушылар ақындық жарыстардың негізінде айтысқа қызығушылықтарын ояту үшін түрлі іс-шараларға қатысты. Осы бағытты жүзеге асыру аясында кездесулер, поэзия кештері, шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Қыркүйек айынан бастап білім алушылар жоспар негізінде 20 іс-шараға қатысып, шығармашылық қызығушылықтарын арттырды. Жобаның басты мақсаты-балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет-ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, балалардың адамгершілік тәжірибе жинақтауы, халықтың рухани игілігін мұра ету, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастар мәдениетіне қол жеткізу.



”Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағарту жобасы

”Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағарту жобасы жүзеге асырылып басталды. Бірінші тоқсанда оқушылар ақындық жарыстардың негізінде айтысқа қызығушылықтарын ояту үшін түрлі іс-шараларға қатысты. Осы бағытты жүзеге асыру аясында кездесулер, поэзия кештері, шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Қыркүйек айынан бастап білім алушылар жоспар негізінде 20 іс-шараға қатысып, шығармашылық қызығушылықтарын арттырды. Жобаның басты мақсаты-балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет-ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, балалардың адамгершілік тәжірибе жинақтауы, халықтың рухани игілігін мұра ету, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастар мәдениетіне қол жеткізу.

“Туған Қазақстанымды мақтан тұтамын” челленджі

25 қазан-Республика күніне орай “Туған Қазақстанымды мақтан тұтамын” челленджі 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды туған жеріне, туған еліне, халқына деген махаббатын, ішкі сезімін ашық айтуға үйрету.

https://www.instagram.com/reel/Cy1byz_IKcC/?igsh=YXZnNm5nZDhdG9r



“Алға, Қазақстан” флешмоб

25 қазан-Республика күніне орай “Алға, Қазақстан” әуенімен флешмоб ұйымдастырылды. Дене шынықтыру мұғалімдерінің қатысуымен өткізілген флешмоб 7-8 сыныптарды қамтыды.

<https://www.instagram.com/p/Cy1dVdsLccQ/?igsh=MTRqYmwzNG5kbGs1dg==>



28 қазан күні мектебімізде «Баланың бас ұстазы - ата-ана» тақырыбында ата-аналарға арналған Ашық есік күні өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана мен сынып жетекшісінің тығыз байланысы маңызды екенін түсіндіру.

Ашық есік күнінде мектебімізде аймақтар жұмыс жасады. Q-talks аймағында бала тәрбиесіне, құндылықтарға байланысты зерттеу жүргізіп жүрген «Сенімен Болашақ» Республикалық қоғамдық бірлестіктің Астана қалалық филиал директоры, педагог-тренер, коуч Шерхан Жұмабекұлы Арапбай бала тәрбиесінде кездесетін түрлі мәселенің алдын алу үшін түрлі форматта ата-ананы оқыту жұмыстары туралы орталықтың жұмыстарымен таныстырып, осы тақырыпта ата-ананы бірлесіп жұмыс атқаруға шақырды. Мектеп мұғалімдері Н.Т.Омаршаева, Г.С.Мамекова, А.С.Биходжаева «Ата-ана өмірінің басты мақсаты - бақытты адам тәрбиелеу» тақырыбында, А.Г.Абуева, С.Темиркулова, Ф.Н.Айтмуратова «Позитивті тәрбие» тақырыбында, С.С.Мауленов, Ә.С.Рахимбекова «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» тақырыбында семинар-тренинг сабақтар

Астана қаласы білім басқармасының «А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейі» ШЖМ коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сынып жетекшілерімен 2024 жылдың 19 қыркүйегі күні оқу семинары ұйымдастырылды. Күн тәртібінде жасөспірімдерді тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллингтен қорғау, бопсалау, әлімжеттіктің алдын алу туралы мәселелер айтылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп жұмысының сапасына, оқушылардың тәрбиесі мен жан-жақты дамуына еселі үлесі бар әріптестер басқосуда сынып жетекшілерінің жұмыстарына қатысты біршама мәселелер туралы пікірлесіп, ой бөлісті.

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адамүйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.

Буллинг әр түрлі жағдайда орын алуы мүмкін. Мысалы:

- адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу;
- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру сол жайында өсек тарату
- оны елемеу немесе жекелету
- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою
- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда:

- * уайымдау
- * ұйқының бұзылуы
- * тәбеттің болмауы
- * өзі жайлы жаман ойлау
- * өз-өзіне физикалық зақым келтіру
- * өлім туралы ойлау
- * сабақ үлгерімдерінің нашарлауы
- * ауыру
- * «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау
- * өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану
- * қорку

Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?

* Батыл болуға үйрен. Батыл болу деген агрессия танытпай, өзіңді қорғай білу. Сен өз ойыңды дәрекі және ызалы сөздерсіз білдіруге үйрене аласың.

Кейде біреумен келіспеген жағдайда өзіңді шын мәнінде қалай сезінетініңді жеткізу қиын. Дегенмен сен батылдыққа үйрене аласың. Ол үшін айтқың келетін сөздерді қағазға жазып, ал уақыты келгенде айтып қал. Кезі жеткенде сенің батылдығыңның арқасында барлық қорлық пен қорқытулар тоқтайды.

* Құрбыңмен/досыңмен бөліс. Достарың сені оларға барлық оқиғаны ашып айтпасаң да, саған қолдау көрсете алады. Олар сені қолдап, көңіліңді көтере алады. Сонымен қатар, достарың жәбірлеушілер енді мазанды алмас үшін оларға қалай жауап беру керектігін айта алады.

* Ересек адамдармен бөліс. Сен өз оқиғаңмен ата-анаңмен, өзіңнің қамқоршыңмен немесе сенімді ересек адамның біреуімен бөлісуіңе болады. Олар сені қолдап, мәселені шешуде ақыл-кеңес бере алады.

Сондай-ақ, 111 сенім телефонына қоңырау шалуыңа болады. Онда саған көмек пен қолдау көрсетіледі.

* Мұғаліммен бөліс. Мектебіңдегі мұғалімдер саған бас-көз болуға міндетті. Сен мектепте болған кезінде өзіңді қауіпсіздікте сезінуге толықтай құқығың бар. Мүмкін, сенің мектебіңде буллингке қарсы тұруға қатысты кейбір нұсқаулар бар шығар. Сонымен қатар, сен мектеп психологына да жүгіне аласың.

Жиын барысында күн тәртібіндегі мәселе әріптестер тарапынан талдап, сараланып, жұмыс сапасын арттыру, сынып жетекшілерінің жұмысын ізгілендіре түсу мақсатында тиісті шешімдер қабылданды.

**А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейінде оқушыларға
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы
анықтама**

Білім мекемесінің 10-11 сынып оқушыларына А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы мақсатта «Білім мекемесінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу» тақырыбында баяндама оқылып, онда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы таныстырылды.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады. Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсіл Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) іске асыру арқылы қамтамасыз етілді. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды теңгерімі бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылуда. Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды. Агенттік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін ұштастырады.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы шеңберінде азаматтық қоғамды шешімдер қабылдау процестеріне тарту үшін тиімді институционалдық-құқықтық негіз қалыптастырылды. "Қоғамдық кеңестер туралы" Заңға өзгерістер енгізу арқылы қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі кеңейтілді.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа күрес жылдан-жылға жетілдіріле түсуде. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2 ақпандағы №802 Жарлығымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, қолданысқа енгізілген стратегиялық құжаттың негізгі бағыттарында сыбайлас жемқорлықпен күресуге арналған ауқымды шаралар қарастырылған. Концепциядағы басты жаңалықтардың бірі - негізсіз баяуға жауапкершілік енгізу, шетелдегі активтерді қайтару, заңды тұлғалардың жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру және «Integrity check» адалдыққа тексеруді енгізу болып саналады.

Тұжырымдама 7 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты;

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау;

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу;

4-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы;

5-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері;

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер;

7-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары.

Тұжырымдаманы іске асыру арқылы 2026 жылдың қорытындысы бойынша күтілетін негізгі нәтижелер:

1) азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тартылуы;

2) ашық және қоғамға есеп беретін мемлекеттік аппарат;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесі;

4) транспарентті бюджеттік процестер және бәсекелес сатып алу;

5) сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартудың әділ жүйесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

1) баршаның заң алдындағы теңдігі және әділдік;

2) жариялылық, айқындық және қоғамға есеп беру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;

- 5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 6) тиімділік пен нәтижелілік;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;
- 9) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 10) сапалы цифрлық трансформация қағидаттарына негізделеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;
- 3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру мақсатында отбасылық тәрбие бағытында жұмыстар атқарылды. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Мұғалім мен оқушы, оқушы мен ата-ана, ата-ана мен мектеп арасындағы тығыз ынтымақтастықта мектеп қабырғасында іс-шаралар өткізілді. Негізінен бұл семинарлар, вебинарлар, тренингтер және ата-аналар жиналыстары онлайн және офлайн болды. Сондай-ақ, ата-аналардың отбасылық қалалық және халықаралық байқауларға қатысуына ерекше көңіл бөлінді. Балалар мен ата-аналардың өзара түсіністігі үшін «Біздің тату отбасы», «Отбасындағы әке мен ананың рөлі», «Мәңгілік ел – арманым», «Отбасы тәрбиесі – болашақтың бастауы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Отбасылық тәрбиені жүзеге асыру үшін мектеп-лицейде әртүрлі жұмыс түрлері қолданылады: Сыныптың әлеуметтік портреті Карта толтыру, Тәрбие сағаты: «Отбасы тәрбие бастауы», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, Отбасы күніне арналған республикалық апталық "Отбасы-бақыт мекені", «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» атты тәрбие сағаты өткізілді. Қалалық «Әке мен бала» атты қалалық жарысқа мектебіміздің әкелері белсенді қатысып, 1 орын иеленді. Әрине бұл бағытта жұмысты жалғастырып «Әкелер кеңесінің» жұмысын жандандыру қажет.

СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ӘБ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

Сынып жетекшілерінің ӘБ құрамына 71 адам кіреді. Барлық сынып жетекшілерінде мектеп директоры бекіткен тәрбие жұмысының жоспары бар. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің 5 отырысы жоспарланып өткізіледі, олар:

- 1) психология, педагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен практикасы мәселелері бойынша сынып жетекшілерін даярлаудың теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыру;
- 2) оқушылардың жеке басын тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің бірыңғай қағидаттық тәсілдерін қалыптастыру;
- 3) жұмыстың заманауи нысандары мен әдістерін сынақтан өткізу.

Талдау көрсеткендей, сынып жетекшілері азаматтық-патриоттық тәрбие әдістемесі, оқушыларды сауықтыру, құқықтық тәрбие, тәрбие іс-шараларын талдау мәселелерінде жақсы бағдарланған. Оқу жылы бойы сынып жетекшілері кесте бойынша ашық тәрбие сағаттарын және сыныптан тыс іс-шараларды өткізді. Сынып жетекшілері іс-шараларды өткізуге шығармашылықпен қарайды: олар сыныптан тыс іс-шаралар жоспарының формасы мен тереңдігіне назар аударады. Мектепшілік бақылау жоспары бойынша

оқушылардың оқу үлгерімдері қаралады, сынып жетекшісінің ата-аналармен байланысы бақыланады, өзара сабаққа қатысқан сағаттар талданады. Қорытындылар директор жанындағы кеңесте айтылады. Тәрбие мектептегі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және мақсатты педагогикалық процесс ретінде табысты және нәтижелі болуы керек. Мектептегі бірінші жыл емес, сыныптардың жалпы мектептік және қалалық іс-шараларға қатысуының рейтингтік жүйесі бар. Өткізілген іс-шаралардың қорытындысы көрсеткендей, кейбір сыныптар тәрбие жұмысына үлкен көңіл бөледі және барлық мектепшілік іс-шараларға қатысады, олар: Г.Жакенова 7 «В» сынып жетекшісі., Н.Иманүсенов 10«В» сынып жетекшісі., Г.А.Қапшаева 10 «А» сынып жетекшісі., Ильясова Л.Б. 8 «Ә» сынып жетекшісі., С.Е.Мұсабаева 2 «А» сынып жетекшісі., Б.М.Журутпаева 2 «Ә» сынып жетекшісі., Ә.С.Биходжаева 4 «Д» сынып жетекшісі., Ж.А.Акбанова 3 «Ә» сынып жетекшісі, А.Хозыбай 9 «Ә» сынып жетекшісі., А.Хонорбай 9 «Б» сынып жетекшісі т.б. ал қалған сынып жетекшілерімен тәрбие жұмыстары тиісті деңгейде жұмыс жүргізілмейді. Бұл бағытта жұмысты жақсарту үшін: - сынып жетекшілер бірлестігінің отырысында осы мәселені қарастырып, сынып жетекшілердің жұмысын белсендіру жолдарын анықтау. - Сынып жетекшілеріне семинар сабақтар өткізіп, біліктілігін арттыру, жалпы мектептік іс-шараларға қатысу біздің балаларымызда жауапкершілікті, бастаманы дамытады, қоғамдық белсенділікке тәрбиелеуге жәрдемдеседі, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін және олардың коммуникативтік қабілеттерін анықтайды.

А. Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп - лицейінің әскери-патриоттық тәрбие бойынша «Жас сарбаз» әскери – патриоттық ұйымының жұмысы

2023-2024 оқу жылының бекітілген «Алғашқы әскери және технологиялық дайындықты оқыту мен жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие жұмысының жоспары» негізінде әскери-патриоттық және сыныптан тыс жұмыстар мен оқу материалдық базаны нығайту жоспарлаған болатын. Аталған жоспардағы іс-шаралар белгіленген уақытында және жүйелі түрде орындалып, күтілген мақсаты мен нәтижелеріне жетті.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 - 11 сыныптарына арналған Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына, күнтізбелік – тақырыптық жоспарға сәйкес 10 сыныптармен аптасына 1 сағаттан 34 сағат және оқу далалық жиынында 30 сабақ, 11 сыныптармен аптасына 1 сағаттан 34 сағат сабақ, сабақ кестесіне сәйкес жүргізілді.

Жастарды әскери – патриоттық бағытта, Қазақстандық патриотизм және азаматтық сана – сезімге тәрбиелеу, Қазақстандық жауынгердің келбетін қалыптастыру мақсатында жүргізілген іс – шаралар.

- Мектеп директорының бұйрығымен 8 сынып оқушыларыннан «Жас Сарбаз» әскери – патриоттық үйірме ашылды. Әскери – патриоттық үйірменің мақсаты әр оқушының жеке қабілетін дамыту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, Қазақстандық патриотизмге, Елін сүюге, Отан алдындағы борышын абыроймен атқаруға, Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеу. Аптасына 1 сағаттан бекітілген сабақ кестесіне сәйес сабақ жүргізілді және мектептегі, қалалық әскери – патриоттық іс – шараларға қатыстырылды.

- Астана қаласы Білім басқармасының және Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының білім беру ұйымдарында 2023 -2024 оқу жылына арналған «Жас жауынгер» әскери – спорттық ойындарының күнтізбелік жоспарына сәйкес:

15.09 2023 жылы 2 оқушымыз спорттық гранатаны қашықтыққа лақтыру біріншілігіне қатысты.

22.09 2023 жылы 2 оқушымыз «Батырлар жарысы» сайысына қатысып

ІІІ – орынға ие болды.

03.10 2023 жылы Қыздар арасында ҰОС батыры Ә. Молдағұлованың 100 жылдығына арналған «Мерген ару» атты пневматикалық мылтықтан оқ ату сайысына 2 оқушымыз қатысты.

08.12 2023 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Кейкі мерген» атты пневматикалық мылтықтан оқ ату сайысына 2 оқушымыз қатысты.

08.12 2023 жылы жастарды отан сүйгіштікке, Қазақстан Республикасының халқына адалдыққа, Қарулы Күштерге және Отанға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлік міндетін мүлтіксіз орындауға дайын болу рухында тәрбиелеу мақсатында 9,10,11 сынып оқушыларымен Ақмола гарнизоны әскери қызметшілерімен кездесу кеші өткізілді.

08.02.2024 жылы Кеңес әскерінің Ауғаныстан Демократиялық Республикасының аумағынан шығарылғанына 35 жыл толуына байланысты «Ауған асуында от кешкендер» атты 10 – сынып оқушыларымен Ауған соғысы ардагерлерінің кездесу кеші өтті. Кештің мақсаты Отан алдындағы интернационалдық міндеттерін орындауда қыршынынан қиылған, жат жерде көз жұмған Қазақстан азаматтарын еске алу, жауынгерлердің ерліктерінен, тарихи тағылым беру, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыта отырып, отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

08.02.2024 жылы Кеңес әскерінің Ауғаныстан Демократиялық Республикасының аумағынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Қар барысы» қысқы әскериленген эстафетаға 3 оқушымыз қатысып ІІІ – орынға ие болды.

01.03.2024 жылы «1 - наурыз Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай» 10 – сыныптар арасында эстафеталық сайыс түрінде ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты оқушыларға азаматтық қорғаныс туралы жалпы мағлұмат беру. Азаматтық қорғаныстың қазіргі өмірде маңыздылығын таныту. Төтенше жағдайлар кезіндегі іс – қимылдарға әзірлігін арттыру.

12.04.2024 жылы Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов ерлігіне, Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған «НУСАНА - 2024» пневматикалық мылтықтан оқ ату жарысына 4 оқушымыз қатысты.

19.04.2024 жылы Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов 100 жылдығына арналған «АЙБЫН - 2024» Республикалық әскери - патриоттық ойынының І кезеңіне 5 - оқушымыз қатысып ІІ – орынға ие болды.

23.04.2024 жылы 10 в сыныбы оқушылары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери – тарихи мұражайына барды. Мақсаты ҚР ҚК құрылымы, арнау мақсатарымен танысу, ҰОС кезіндегі батырларымыздың ерлігі мен өмір баяндарымен танысу. ҚР ҚК әскери техникалары мен қару жарақтарымен танысу.

29.04.2024 жылы Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған «Сапта сымбатты – ұрыста айбатты» аудандық сап және ән байқауына 13- оқушымыз қатысып І – орынға ие болды.

03.05.2024 жылы Кеңес одағының батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледж оқу орнында 9,10 сынып оқушылары Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтың ерлік сабағына қатысты.

03.05.2024 «Біз батыр елдің ұрпағымыз» қалалық челенджіне (Мен қазақыпн ән орындау) 10 ә сынып оқушылары қатысты.

06.05.2024 жылы Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына, 7 - мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған 9 мамыр – Ұлы жеңіс күніне арналған «Сапта сымбатты – ұрыста айбатты» қалалық сап және ән байқауына 13 оқушымыз қатысып ІІІ – орынға ие болды.


08.05.2024 жылы 9 мамыр - Ұлы жеңіс күніне орай Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткішіне 9,10 оқушыларының қатысуымен гүл шоқтары қойылды.

08.05.2024 жылы Тыл ардагері Дьяченко Евдокия Павловнаны Ұлы жеңіс күнімен оқушыларымыздың қатысуымен құттықтады.

13 - 17.05. Аралығында 2024 жылы 10 сынып ер балаларымен оқу далалық жиыны өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C65limdoj4o/?igsh=d3Nyb3dtbjBsZXFm>

<https://www.instagram.com/reel/C65pnwCISD8/?igsh=MTV0bGhoY3R3Z2x5dA==>



Абулхайров Алихан Асхатұлы, Иманғазы Айгерім Ерболатқызы, Мамырбек Ақерке Мұратқызы, Сейсембек Кәусар Саматқызы, Қайролда АишаТалғатқызы, Махамбетов, Ибрагим Багдатович, Қанағат Арайлым Мейрамбайқызы, Қожагелды Сәдем Құрманәліқызы, Зұлпыхар Ыхлас Мейрбекұлы барлық жарыстарға белсенді қатысқандары үшін мектеп директорының грамоталарымен марапатталды. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағының аяқталуы туралы» бұйрық шығарылып, бекітілді. «Айбынды маусым» әскери-спорттық жарысына қатынасу біз үшін мақтаныш!» тұрғысында даярлық жұмыстар жүргізіліп 1,2,3 турына қатыстық. «Айбын» республикалық жарысына қатысуға ат салыстық. Сол жұмыстың нәтижесінде, 2 оқушымыз: Тұрарбек Ерсұлтан Мұхитұлы және Бөгенбаев Райымбек Әлібекұлы Республикалық «АЙБЫН» 10-шы Республикалық әскери-патриоттық жиынына іріктеудің барлық 3 кезеңіне қатысып, 2023 жылғы маусым айында өтетін Есіл ауданы бойынша спорттық граната лақтырудан жарыста 79 мектеп-лицей 1-ші орын, Сырбай Мәуленовтың 100 жылдық мерей тойына арналған жарыста 2-ші орын жеңіп алды. 20.01.2023 жылы жас сарбаз күзгі далалық патриоттық жиынында 1-ші орын және Кубок жеңіп алдық.

22.02.2023ж «Ауғанстаннан Кеңес әскерінің шығарылған күніне» сәйкес әскери тіркеу куәлігін салтанатты жиында табыстадық. 10-11 сынып оқушыларының АӘД сабағында әскериленген киім киюлерін ұйымдастырылып қадағаланды. Барлық құжаттар АӘД талаптары қанағаттандырады, іс-шаралар толық қамтылды.

"ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ", "АДАЛ ҰРПАҚ" КЛУБТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Мектепте адамгершілігі жоғары, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік-құзыретті азамат пен патриоттың қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау мақсатында "Адал Ұрпақ" клубын ашу туралы бұйрық шығарылып, "Адалдық алаңы" бұрышы ашылды. "Жас құтқарушы", "Адал ұрпақ" клубтарының жұмысын жоспары бойынша 2023-2024 жылдары ұйымдастырылды. 2024 жылы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің «Алматы» ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының ұйымдастыруымен 22 мамыр күні «Жас құтқарушы» клубтарының арасында өткен жарыста жүлделі жалпыкомандалық 1-ші орын кубок жеңіп алдық. Сол күні өткен қалалық «Жас құтқарушы» командаларының арасында өткен «Альпинизм қабырғасындағы уақытты көтеру» жарысынан ең үздік атанғаны үшін 1 орынмен марапатталды. Сондай ақ, «Өрт эстафетасы» номинациясында 1 орын, «Ең үздік сәлемдесу» номинациясында да 1 орын алдық. Жетекшісі: Н.Т.Бекебаева.

**2023-2024 оқу жылындағы үйірме, спорт, секция жұмыстарының нәтижесі
«Шахмат» үйірмесінің туралы жұмыстардың анықтамасы.**

Жетекшісі С.І.Исаев.

Шахмат пен дойбы - логикалық ой өрісті машықтандыратын зияткерлік спорт түрлері. Әлемдегі ең танымал спорт түрлерінің бірі.

2023-2024 оқу жылында шахматтан және дойбыдан көптеген мектепшілік, мектепаралық, аудандық, қалалық және республикалық сайыстар, жарыстар және турнирлар болып өтті. Енді соларға жеке-жеке тоқталып өтсек:

1) 12-13.08.23 күндері ерлер, әйелдер, жастар және юниорлар арасында 100 шаршылы дойбыдан Астана қаласының чемпионаты болып өтті. Жарыс өте тартысты әрі қызықты өтті. Өткен орны: Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия.

Классика номинациясы бойынша мектебіміздің біраз ойыншылары үздік ойын көрсетті:

- 1) ЖҰМАБЕК МАДИНА - 1 ОРЫН, 6 В сынып
- 2) САЙЛАУ АМИНА - 2 ОРЫН, 10 А сынып
- 3) ЕСТАЙ НҰРАЛИ - 3 ОРЫН, 3 Ә сынып
- 4) СЕРІК ЖІГЕР - 3 ОРЫН, 9 сынып
- 5) СЕРІК АРУЖАН - белсенді қатысушы, 5 А сынып
- 6) МИЛЛАТ ДАМИР - белсенді қатысушы, 4 В сынып
- 7) ИСАЕВ СЕРЖАН - 2 ОРЫН, шахмат үйірмесінің жетекшісі



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы диплом, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Осы жарыстың нәтижесінде көп оқушылар разрядтық норма орындап, дойбыдан Астана қаласының құрама командасына қабылданды.

Ұйымдастырушылар: Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы, «Астана қаласының дойбы федерациясы» қоғамдық бірлестігі.

2) 15.09.23 күні Астананың 25 жылдық мерейтойына арналған ерлер мен әйелдер арасында «64» және «100» шаршылы Дойбыдан Республикалық Фестиваль болып өтті. Аталған жарыс Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының қолдауымен және ұйымдастыруымен «Қазақстан» жеңіл атлетика спорт кешенінде жоғарғы деңгейде өтті.

Спортшылар төмендегі дойбы түрлері бойынша сынға түсті:

- «64» шаршылы дойбы (ерлер және әйелдер)
- «100» шаршылы дойбы (ерлер және әйелдер)

Шаршы тақтадағы ақыл-ой бәсекесі блиц (жылдам ойын) номинациясы бойынша швейцариялық жүйеде өте тартысты өтті.

Еліміздің түпкір-түкпірінен ұзын-саны 40қа жуық спортшы қатысып бақ сынасты.

Мектебіміздің және Астана қаласының атынан келесі оқушылар мен мұғалімдер аталған жарысқа белсене қатысып жүлдегер атанды:

Әйелдер арасында

САЙЛАУ ӘМИНА – 3 ОРЫН қола жүлдегері, диплом, медаль 10 «А» сынып оқушысы

Ерлер арасында

Исаев Сержан –сертификат пен естелік медаль

Естай Нұрали – сертификат пен естелік медаль, 3 ә сынып оқушысы



Жүлдегерлер мен белсенді қатысушылар медаль, диплом, гүл және естелік медальдармен марапатталды.

3) 14-15 қазан аралығында **ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА 64 ШАРШЫЛЫ ДОЙБЫДАН АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ** БОЛЫП ӨТТІ. Жарыс өте тартысты әрі қызықты өтті. Өткен орны: №35 мектеп-лицей .



Жарыс швейцариялық жүйе бойынша ойнатылды. Ойын барысында мектебіміздің төмендегі оқушылары жеңімпаз, жүлдегер атанып, үздік ойын көрсетті :

ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

- 1) ЕСТАЙ НҰРАЛИ - 1 ОРЫН, 3 Ә сынып (2014-2015 жж ұлдар арасында)
- 2) НҰРҰШ АЙЗЕРЕ - 2 ОРЫН, 4 Ә сынып (2014-2015 жж қыздар арасында)
- 3) НҰРҰШ АЙСАНА - 3 ОРЫН, 1 Б сынып (2016 ж және одан төмен қыздар арасында)

ҮЗДІК ОЙЫН КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН МАДАҚТАМА АЛҒАН ОҚУШЫЛАР

- 4) НҰРЛЫБЕКҰЛЫ АЛИАСҚАР - 4 А сынып
- 5) ШАМҒАН НҰРӘЛІ - 4 Ә сынып
- 6) МИЛЛАТ ДАМИР -4 В сынып
- 7) ЕРКІН АЛИХАН - 3 Б сынып
- 8) АМАНГЕЛДІ НУРИЛЛА - 2 Г сынып
- 9) ҚАРАТАЕВА АСЫЛЫМ - 1 Б сынып



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы диплом, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Ұйымдастырушылар: Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы, «Астана қаласының дойбы федерациясы» қоғамдық бірлестігі.

4) 20, 23, 26.10.23 күндері Қазақстан Республикасы күніне орай 2-5 сынып оқушылары арасында «Жетістігімді Республика күніне арнаймын» атты шахматтан мектепшіліктурнирі болып өтті.

Жарыс айналмалы жүйе бойынша 2-5 сыныптар арасында өтті. Турнир қызықты әрі тартысты өтті.

2 сыныптар арасында (23.10.23 күні)

Сансызбай Ғалижан – 1 орын жеңімпазы, 2 «А» сынып оқушысы
Мейрбек Әділ – 2 орын жүлдегері, 2 «Г» сынып оқушысы
Боранбай Мирас – 2 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы
Төлегенов Айсұлтан – 3 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы
Самратбеков Досжан – 3 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы
Камидолла Ажар – 3 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы
Амангелді Нурилла – 3 орын жүлдегері, 2 «Г» сынып оқушысы



3 сыныптар арасында (23.10.23 күні)

Естай Нұрали – 1 орын жеңімпазы, 3 «Ә» сынып оқушысы
Булат Али – 1 орын жеңімпазы, 3 «В» сынып оқушысы
Қанат Алан – 2 орын жүлдегері, 3 «А» сынып оқушысы
Еркін Алихан – 3 орын жүлдегері, 3 «Б» сынып оқушысы



4 сыныптар арасында (20.10.23 күні) ұлдар мен қыздар

Нұрлыбекұлы Алиасқар - 1 орын жеңімпазы, 4 «А» сынып оқушысы
Миллат Дамир – 2 орын жүлдегері, 4 «В» сынып оқушысы
Шамған Нұрәлі – 2 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы
Естай Жантөре – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы
Анарбай Даниал – 3 орын жүлдегері, 4 «В» сынып оқушысы
Қасымханов Әмір – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы
Ержан Еділхан – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы
Самратбеков Мирас – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

Нұрұш Айзере – 3 орын жүлдегері, 3 «Ә» сынып оқушысы
Сағдат Мөлдiр - 3 орын жүлдегері, 3 «Ә» сынып оқушысы



5-6 сыныптар арасында (26.10.23 күні)

Садуақасов Тұрлыхан – 1 орын жеңімпазы, 5 «Ә» сынып оқушысы
Серикова Самира – 2 орын жүлдегері, 5 «Б» сынып оқушысы
Хамит Архат – 1 орын жеңімпазы, 6 «В» сынып оқушысы
Боранбай Мерей – 2 орын жүлдегері, 6 «В» сынып оқушысы



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы медаль және мадақтамалармен марапатталды.
5) 08-12 қараша аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен дойбыдан оқушылар арасындағы Республикалық жарыс болып өтті. Аталған жарыс Астана қаласында Орталық шахмат клубында өтті. Жарыс айналмалы жүйе бойынша өте тартысты өтті.



Үш күнге созылған ой сайысында Астана қаласы құрамасы жүлделі 2-ші орынға ие болды. Құрама мүшесі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейдің 10 А сынып оқушысы Сайлау Амина күміс жүлдегер атанып, арнайы медаль, диплом және кубокпен марапатталса, шахмат үйірмесінің жетекшісі Исаев Сержан аталған жарыста әділ төрешілік етіп мол тәжірибе жинақтады.



6) 20-21.11.23 аралығында Қазтұтынуодағының жоғары колледжі «Астана қаласы

шахмат федерациясы» қоғамдық бірлестігімен бірігіп қалалық ШАХМАТ турнирін ұйымдастырды. Аталған жарыс Астана қаласы Байқоңыр және Алматы аудандары мертептерінің 9-сынып оқушылары арасында өтті.



Мектебіміздің атынан келесі оқушылар аталған жарысқа белсене қатысып мол тәжірибе алды:

Серік Жігер 9 Ә

Нәбиденұлы Әмір 10 В

Құрманғазы Жантөре Бахытұлы 10 В

Адилбек Мажит 10 В

Баяганов Мұхаммад 10 В

Исаев Нұрбахыт 10 В

Сайлау Амина 10 А

Турнирге белсенді қатысқаны үшін шахмат үйірмесінің жетекшісі С.Исаев арнайы алғыс хатпен марапатталды.

7) 19.12.23, 21,22.12.23 күндері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 1-5 сынып оқушылары арасында мектепшілік «*Ғажайып Шахмат*» турнирі болып өтті. Жарыс айналмалы жүйе бойынша 1-5 сыныптар арасында өтті. Турнир тартысты және қызықты өтті.

1 сыныптар арасында (19.12.23, 21.12.23 күндері)

Қыздар

Дастанқызы Дәрия – 1 орын жеңімпазы, 1 «А» сынып оқушысы

Қойшыман Інжу – 2 орын жүлдегері, 2 «Д» сынып оқушысы

Нұрұш Айсана – 3 орын жүлдегері, 1 «Б» сынып оқушысы

Қаратаева Асылым – 3 орын жүлдегері, 1 «Б» сынып оқушысы

Амангелдіқызы Диана – 3 орын жүлдегері, 1 «В» сынып оқушысы

Ақдаuletova Айару – 3 орын жүлдегері, 1 «А» сынып оқушысы

Ереналы Кәусәр – 3 орын жүлдегері, 1 «В» сынып оқушысы

Серік Арайлым – 3 орын жүлдегері, 1 «В» сынып оқушысы

Ұлдар

Жақия Муслим – 1 орын жеңімпазы, 1 «Ә» сынып оқушысы

Мұқаш Алдияр – 1 орын жүлдегері, 1 «Б» сынып оқушысы

Даулет Иранбек – 2 орын жүлдегері, 1 «А» сынып оқушысы

Бауыржан Санжар – 2 орын жүлдегері, 1 «Б» сынып оқушысы

Мұратбек Мейіржан – 3 орын жүлдегері, 1 «В» сынып оқушысы



2 сыныптар арасында (22.12.23 күні)

Боранбай Мирас – 1 орын жеңімпазы, 2 «В» сынып оқушысы

Мейрбек Әділ – 1 орын жүлдегері, 2 «Г» сынып оқушысы

Сансызбай Ғалижан – 2 орын жүлдегері, 2 «А» сынып оқушысы

Төлегенов Айсұлтан – 2 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы

Самратбеков Досжан – 3 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы
Камидолла Ажар – 3 орын жүлдегері, 2 «В» сынып оқушысы

3 сыныптар арасында (22.12.23 күні)

Естай Нұрәли – 1 орын жеңімпазы, 3 «Ә» сынып оқушысы

Булат Али – 2 орын жүлдегері, 3 «В» сынып оқушысы

Қанат Алан – 2 орын жүлдегері, 3 «А» сынып оқушысы



4 сыныптар арасында (22.12.23 күні)

Миллат Дамир - 1 орын жеңімпазы, 4 «В» сынып оқушысы

Шамған Нұрәлі – 1 орын жеңімпазы, 4 «Ә» сынып оқушысы

Серікбай Арыстан – 2 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

Анарбай Даниал – 2 орын жүлдегері, 4 «В» сынып оқушысы

Ержан Еділхан – 2 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

Самратбеков Мирас – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

Қасымханов Әмір – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

Нұрұш Айзере – 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

Сағдат Мөлдір - 3 орын жүлдегері, 4 «Ә» сынып оқушысы

5-6 сыныптар арасында (19.12.23 күні)

Садуақасов Тұрлыхан – 1 орын жеңімпазы, 5 «Ә» сынып оқушысы

Серикова Самира – 2 орын жүлдегері, 5 «Б» сынып оқушысы

Хамит Архат – 1 орын жеңімпазы, 6 «В» сынып оқушысы

Боранбай Мерей – 2 орын жүлдегері, 6 «В» сынып оқушысы



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы медаль және мадақтамалармен марапатталды.

8) 28, 29 ақпан және 1 наурыз күндері қалалық мектеп лигасы шеңберінде 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында «АҚБОЗАТ» шахматтан қалалық турнир болып өтті. Турнир Аль-Фараби атындағы Оқушылар Сарайында өтті. Ұйымдастырушы: Астана қаласы білім басқармасына қарасты Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы.

Ереже бойынша команда құрамы төрт (3 ұл + 1 қыз) ойыншыдан жасақталды.

Турнир швейцариялық жүйе бойынша 7 турдан құралып өте тартысты өтті.

Мектебіміздің атынан келесі оқушылар шахмат турнирына белсенді қатысып жақсы ойын өрнегін көрсетті:

5-6 сыныптар бойынша 34 мектеп бақ сынасып, оқушыларымыз мол тәжірибе алды:

Исабай Ілияс - 6 Ә сынып оқушысы

Хамит Архат – 6 В сынып оқушысы

Сальменов Сансар – 6 Г сынып оқушысы

Сүлейменова Хадиша – 6 Д сынып оқушысы



Нәтижесінде мектебіміздің 6 Ә сынып оқушысы Исабай Ілияс **үздік ойын** көрсеткені үшін *мадақтамамен* марапатталды.

7-8 сыныптар бойынша 30ға жуық мектеп бақ сынасып, оқушыларымыз мол тәжірибе алды:

Абатов Тимур - 8 Ә сынып оқушысы
Сансызбай Әділхан - 8 Е сынып оқушысы
Шаймұрат Мансұр - 8 Е сынып оқушысы
Пернебай Дарын - 8 Е сынып оқушысы
Қуаныш Ниязбек - 8 Е сынып оқушысы
Захария Аяя - 8 Ә сынып оқушысы
Нұрболат Аягөз - 8 Ә сынып оқушысы



9-11 сыныптар бойынша 28 мектеп бақ сынасып, оқушыларымыз мол тәжірибе алды:

Құрманғазы Жантөре - 10 В сынып оқушысы
Амантай Дарын - 10 Ә сынып оқушысы
Бердіқожа Дінмұхаммед - 9 Г сынып оқушысы
Сайлау Амина - 10 А сынып оқушысы



9) 03-04.04.24 күндері ерлер, әйелдер, жастар және юниорлар арасында 100 ШАРШЫЛЫ ДОЙБЫДАН АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ болып өтті. Жарыс өте тартысты әрі қызықты өтті. Өткен орны: №89 мектеп-лицей.



Классика номинациясы бойынша мектебіміздің біраз ойыншылары үздік ойын көрсетті :

- 1) САЙЛАУ АМИНА - 1 ОРЫН, 10 А сынып
- 2) ЕСТАЙ НҰРАЛИ - 2 ОРЫН, 3 Ә сынып
- 3) СЕРІК АРУЖАН – 3 ОРЫН, 5 А сынып

- 4) НҮРҮШ АЙСАНА – 1 ОРЫН, 1 Б сынып
- 5) АБАТОВ ТИМУР – белсенді қатысушы, 8 Ә сынып
- 6) СЕРІК ЖІГЕР - белсенді қатысушы, 9 сынып
- 7) ШАМҒАН НҮРӘЛІ - белсенді қатысушы, 4 Ә сынып
- 8) МИЛЛАТ ДАМИР - белсенді қатысушы, 4 В сынып



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы диплом, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Осы жарыстың нәтижесінде көп оқушылар РАЗРЯДТТЫҚ НОРМА орындап, Дойбыдан Астана қаласының ҚҰРАМА КОМАНДАСЫНА қабылданды. Ұйымдастырушылар: Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы, «Астана қаласының дойбы федерациясы» қоғамдық бірлестігі.

10) 11,12,14,15 наурыз күндері Ұлыстың Ұлы күні НАУРЫЗ мерекесіне орай 1-5 сынып оқушылары арасында мектепшілік Шахмат турнирі болып өтті. Жарыс айналмалы жүйе бойынша 1-6 сыныптар арасында өтті. Турнир тартысты және қызықты өтті.

11) «64» шаршылы дойбыдан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасы Чемпионаты болып өтті. Аталған жарыс 20-31 наурыз аралығында Қарағанды қаласында өтті. Спортшылар төмендегі жас категориялары бойынша бақ сынасты:

- 2006-2008 т.ж (қыздар, ұлдар)
- 2009-2011 т.ж (қыздар, ұлдар)
- 2012-2013 т.ж (қыздар, ұлдар)
- 2014 т.ж және одан төмен (қыздар, ұлдар)

Ақыл-ой бәсекесі шатшаң (блиц), белсенді (рапид) және классика номинациялары бойынша швейцариялық жүйеде өтті. Еліміздің түпкір-түпкірінен 170 тен аса спортшы және 15 құрама команда қатысып бақ сынасты.



Мектебіміздің атынан және елордалық құрама командасы атынан 3 «Ә» сынып оқушысы Естай Нұралиқатысып жүлделі 2-ші орын иеленіп медаль, дипломмен марапатталса, 4 «Ә» сынып оқушысы Нұрұш Айзере және 1 «Б» сынып оқушысы Нұрұш Айсана аталған жарысқа белсенді қатысып арнайы сертификаттармен марапатталды және мол тәжірибе алды.



Сонымен қатар, 2014 және одан төменгі жас категориясы бойынша спортшыларға шахмат үйірмесінің жетекшісі Сержан Исаев төрешілік қызмет атқарды.

12) 09-21 сәуір аралығында ӨЗБЕКСТАН астанасы ТАШКЕНТ қаласында ұлдар, қыздар және жасөспірімдер арасында "100" және "64" ШАРШЫЛЫ ДОЙБЫДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ болып өтті. Аталған жарысқа дойбыдан Қазақстан Республикасы ҚҰРАМАСЫНЫҢ МҮШЕСІ, ҚР-НЫҢ ЕКІ ДҮРКІН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ және ЕКІ ДҮРКІН ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ, 3 Ә сынып оқушысы ЕСТАЙ НҮРАЛИ қатысып, ел намысын қорғап мол тәжірибе жинап келді.



Чемпионатқа 15 елден 270 ке жуық спортшы қатысып бақ сынасты. Жалпы командалық есепте ҚАЗАҚСТАН 3-ШІ ОРЫНҒА ие болды.

"100" шаршылы дойбы номинациялары

1. Классика (1 сағат 20 минут + 30 секунд)
2. Рапид (15 минут + 10 секунд)
3. Блиц (5 минут + 3 секунд)

"64" шаршылы дойбы номинациялары

1. Классика (30 минут + 10 секунд)
2. Рапид (7 минут + 3 секунд)
3. Блиц (3 минут + 2 секунд)



13) 13,14,16,17 мамыр күндері 7 мамыр – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР күніне орай 1-6 сынып оқушылары арасында мектепшілік Шахмат турнирі болып өтті.

Жарыс айналмалы жүйе бойынша 1-6 сыныптар арасында өтті. Турнир тартысты және қызықты өтті.

1 сыныптар арасында (16.05.24 күні)



2,3 сыныптар арасында (17.05.24 күні)



5,6 сыныптар арасында (14.03.24 күні)



4 сыныптар арасында (13.05.24 күні)



14) Біраз оқушылар шахматтан және дойбыдан біліктілік турнирларына қатысып РАЗРЯД нормаларын орындады.

Шахмат бойынша

1. Исабай Илияс, 6 Ә сынып оқушысы - 1 разряд
2. Сальменов Сансар, 6 Г сынып оқушысы – 3 разряд
3. Исабай Марьям, 4 Б сынып оқушысы – 3 разряд
4. Нұрлыбекұлы Алиасқар, 4 А сынып оқушысы – 4 разряд
5. Миллат Дамир, 4 В сынып оқушысы – 4 разряд
6. Булат Али, 3 В сынып оқушысы – 4 разряд

Дойбы бойынша

1. Сайлау Амина, 10 А сынып – СШҮ (спорт шеберіне үміткер)
2. Естай Нұрәли, 3 Ә сынып – 2 разряд
3. Нұрұш Айзере, 4 Ә сынып оқушысы – 3 разряд
4. Нұрұш Айсана, 1 Б сынып оқушысы – 3 разряд
5. Серік Аружан, 5 А сынып оқушысы – 3 разряд

Қорытындылай келе, қазіргі таңда мектебімізде «Шахмат» үйірмесі өз жұмысын жоспар бойынша атқаруда. Оқушылардың шахмат және дойбыға деген қызығушылығы жоғары деңгейде.

2023-2024 оқу жылындағы «Волейбол» үйірмесі бойынша атқарған жұмыстар Жетекшісі: Жетпісбаева Г.

Денсаулық күніне арналған волейболдан 5 сыныптар қыздар арасында өткен турнирде Какен Қымбат 5 «Е» сынып оқушысы 3 орын алды.



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп–лицейінде Наурыз мекреkesіне орай ұйымдастырылған волейболдан 5-6 сынып қыздар арасында өткізілген қалалық турнирде Сулейменова Хадиша 6 сынып оқушысы 2 орын алды.



1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай Астана қаласы мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған волейболдан ашық турнирде 6 сынып оқушысы Катешова Аяулым 3 орын иеленді.



9 мамыр – Жеңіс күніне орай волейболдан 5-6 сынып қыздар арасында өткізілген қалалық ашық турнирде 6 сынып оқушысы Айтбай Кәусар 3 орын алды.



«Балдәурен» эстрадалық вокал үйірмесі бойынша атқарған жұмыстар **Жетекшісі: Г.Амирова**

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған XIX қалалық «Отаным деп, шырқаймын» вокалдық патриоттық әндер фестиваль байқауында жеке орындау номинациясы бойынша **Амирова Айша** бас жүлде иеленді. Желтоқсан айында «Жан DoStarV» Республикалық «Бір аспан астында-Под небом одним» атты өнер фестивалінде Қайдар Амина 3 орын иеленді. «SHASHU» Республикалық фестиваль конкурсында **Ағабай Мухамедияр** 2 орын алды. XVII «ШАТТЫҚ-2024» қалалық байқауы «Хор» жанры бойынша үйірме мүшелері дипломмен марапатталды. XVII «ШАТТЫҚ-2024» қалалық байқауы «Эстрадалық вокал» жанры бойынша **Амирова Айша** сертификатпен марапатталды.



“Домбыра дастан” үйірмесі бойынша атқарған жұмыстар. Жетекшісі: Ж. К. Кируова

Қыркүйек айынан бастап домбыра үйірмесіне оқушыларды іріктеп қабілеті жоғары өнерлі балалармен дайындық басталды. Қыркүйек айының 23 жұлдызында X Республикалық “Ақберен” өнер байқауында ұлттық аспапта өнер көрсету номинациясы бойынша оқушысы Ахмет Абдулла 3 орын иеленді. Қазан айында өткен XIV қалалық “Асыл мұра” ұлттықөнер байқауында “Ұлттық аспапта орындау” номинациясы бойынша “Домбыра дастан” ансамблі 2 орын күміс медалін иеленді. Осы байқауда Бекеталы Ақнұр жүлделі 2 орын алды. Қараша айында өткен “Академиялық ұтқырлық” жобасы аясында “Абыз домбыра...” IV Республикалық күйшілер байқауында Бекеталы Ақнұр дипломант атанды. Диплом “ Алтын ұрпақ “ жобасы аясында домбыра номинациясы бойынша “ Атамұра “ байқауында “ Домбыра дастан” ансамблі Гран-при жеңіп алды. Бекеталы Ақнұр 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Өзі алғыс хатпен марапатталды. Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік іс-шараға белсене қатысқаным үшін , Ұстаздар күніне концертке

қатысқаны үшін білім басқармасының басшысы Сенғазиевтің Алғыс хатын алды. Ұстаздар күніне мерекесіне мектебіміздің басшысы Ғ. Б. Әметбековтің Алғыс хатын алды. Республикалық Махамбет оқулары байқауының қалалық кезеңінде «Шашақты найза шалқар күй» бағыты бойынша Кеңесбай Дильназ дипломат атанды. Қараша айында өткен III қалалық “Жас екпін “ байқауында домбыра номинациясы бойынша Нұрболат Кәусар 2 орын иеленді. Желтоқсанның 13-де өткен қалалық жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында XII қалалық «Күй қайнары» атты күй тартыс байқауында Бейімбет Гүлназ 2-ші орын, Бекеталы Ақнұр 2-ші орын, Ділдәбек Дарын 3-ші орын иеленді. Желтоқсанның 14-де «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Өнер мен құндылықтар» жобасы аясында қалалық «Күмбірлеген домбыра үні» өнер байқауында ансебилдер арасында «Домбыра дастан» ансамблі Гран-при жеңіп алды. Бекеталы Ақнұр 2-ші орын алды. Наурыз айында Халқаралық Балалар және Жасөспірімдер арасында «ASTANA-ART-TEST» байқауында «Аспапта ойнау Домбыра» номинациясы бойынша ансамбль Гран-при жеңіп алды. Оқушым Нұрболат Кәусар Гран-при дипломымен марапатталды. Елордалық жас дарындылардың мәдени және шығармашылық әлуетін насихаттау мақсатында Астана қаласы білім мекемесінің арасында өткізілген XVII «Шаттық-2024» қалалық байқауында «Домбыра дастан» фольклорлық ансамбль Алтын медаль жеңіп алды. Құлмағанбет Шұғыла 2 орын алды. Білім басқармасы Қ. Сенғазиевтің сертификатымен марапатталды.



Оқушыларды үйірме және секциялармен қамту

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Мектепте қосымша біліммен қамтылған оқушылар саны	8,7%	9,2%	10,8%
Астана қаласының қосымша білім беру ұйымдарында және жеке ұйымдарда қосымша білім беру мен қамтылған балалардың пайызы	49,6%	59,4%	60,2%
Жалпы қосымша біліммен, үйірмемен қамтылған оқушылар үлесі	58,3%	62,6%	71%

2023-2024 оқу жылдары аралығындағы іс-шаралардың сандық есебі

Оқу жылдары	2022-2023		2023-2024		2024-2025 (қыркүйек айы)	
	1688		1714		1762	
Оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Іс-шарлар саны	Қатысқан оқушылар саны	Іс-шарлар саны	Қатысқан оқушылар саны	Іс-шарлар саны
Кешенді жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылы 8 бағытпен жұмыстар атқарылса, 2023-2024 оқу жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ар ұят, ұлттық мүдде, талап» құндылықтарын іске асыру мақсатында мектебімізде жұмыстар атқарылды.	123	21	321	25	514	4

<p>Өскелең ұрпақты адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланыста, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Мектептегі тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.</p>						
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--	--	--

2023-2024 оқу жылдары бойынша тәрбие жұмысы жетістіктері мен үйірме және секциялармен қамтылуының сандық көрсеткіші

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024
Іс-шаралар	76- оның ішінде	89- оның ішінде
Дипломдар мен грамоталар	17	20
Алғыс хаттар	9	15
Сертификаттар	12	23
Жүлделі орындар		
Медаль	42	72
ГРАН-ПРИ	6	10
1-орын	22	31
2-орын	27	35
3-орын	20	31
Қорытынды	155	166
Жүлдегерлер мен жеңімпаздардың үлесі	9,1%	9,6%

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024
Оқушылар саны	1688	1714
Халықаралық деңгей	14	20
Республикалық деңгей	18	21
Халықаралық немесе республикалық спорттық	20	23

шығармашылық және мәдени конкурстардың, жарыстардың, фестивальдар мен байқаулардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі	3 %	3,7%
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----	------

Қалалық «Шаттық -2024» байқауының қорытындысы

№	Жанр	Қатысушы саны	Номинация	Шығармашылық жетекші тегі, аты-жөні	Орын
1	Фотосурет	1	Фотосурет	Сейтбек Күләш	Бас жүлде «Алтын» кубок
2	Аспап жанры	15	Фольклорлық ансамблі: «Домбыра дастан» аралас халық аспаптары	Кируова Жанат Каримовна	Бас жүлде «Алтын» кубок
3	Вокал	1	Дәстүрлі ән	Мауленов Сакен Сейтович	2 орын «Күміс» медаль
4	Аспап жанры	1	Соло «Күй»	Ныгметова Лайла Каскырбаевна	2 орын «Күміс» медаль
5	3D модельдеу	1	3D модельдеу	Мерәлі Нұрпейіс Айдарбекұлы	Диплом
7	Хор әні	57	Хор әні	Амирова Гульбаршын Сагимбековна	Диплом
8	Вокал	1	Эстрадалық ән	Амирова Гульбаршын Сагимбековна	Сертификат
9	Аспап жанры	1	Соло Классикалық аспап	Секенқызы Айнұр	Сертификат
Жалпы		2 алтын, 2 күміс, 2 диплом, 2 сертификат			

SWOT талдауы

Күшті жақтары	-Тәрбие бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде. -Ата-аналардың жалпы білім беру іс-шараларына белсенді қатысып, мектеппен тығыз байланыс жасайды;
Әлсіз жақтары	-Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жоспарланған іс-шаралардың ауқымдылығы;
Мүмкіндіктер	- Шығармашылық бағыт жұмыстары нәтижесінде оқушылардың бойында қамқорлық,қайырымдылық ұлттық құндылықтарды дәріптеу;

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Жылда оқу жылының басынан бастап мектебімізде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуде. Қыркүйек айынан бастап, мектеп түлектеріне колледж, университеттерден дәріскерлер келіп, оқу орны жайлы таныстыру жұмыстарын жүргізді.

2023-2024 оқу жылында белгіленген жылдық жоспар бойынша жасалған жұмыстар:

- Нормативтік-құқықтық құжаттар зерттеліп, мектепте оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары әзірленді;
- Тәжірибе алмасу мақсатында мектептің педагог-кәсіби бағдар берушісі семинар, мастер класстарға, конференцияларға қатысты;
- Мектеп сайтында кәсіптік бағдар беру жұмысының көрінісі;
- Білім алушылар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды зерделенді;
- Ұсынымдарға сәйкес кәсіптік бағдар беру бойынша бұрыштарды жаңартылды;
- 9-11 сынып оқушыларының сұранысы жоғары мамандықтарды анықтау бойынша сауалнамалар алынды;
- 9-11 сыныптарды жұмысқа орналастырудың алдын ала талдауы әзірленді; мектеп түлектеріне колледж, университеттерден дәріскерлер келіп, оқу орны жайлы таныстыру жұмыстары жүргізілді.

SWOT талдауы

Күшті жақтары	<ul style="list-style-type: none"> -Тәрбие бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде. - Ұлттық академиялық кітапхана орталығы, Қосымша білім беру ұйымдары, Ұлттық музеймен тығыз байланыс жасау нәтижесінде оқушылар ұлттық құндылықтарға қатысты мол тәжірибе жинақтауда. - «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жоспарланған шаралар 97% орындалуы; -Ата-аналардың жалпы білім беру іс-шараларына қатысуы; -Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие және дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарының жоғары нәтижелілігі. - «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысының жүйелілігі.
Әлсіз жақтары	<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық құндылықтарды, халық педагогикасы үлгілерін сынып сағаттарында насихаттау жұмыстары көбінесе мақсатына жете бермеуі; - Сынып жетекшілердің шығармашылық бағыттарды және ұлттық тәрбиені кеңінен тарату мақсатында талпыныстарының жеткіліксіздігі; -Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор мәдени орталықтар, концерттер, мұражайлар, театрларға барудың төмендігі; -Оқушылар арасында оқырмандарды қалыптастыру бойынша жеткіліксіз
Қауіптер, кедергілер	<ul style="list-style-type: none"> Ата-аналардың өз жұмыс бастылығы; -Ата-аналардың отбасылық құндылықтарды бала бойына сіңіруіне аздығы, рухани жаңғыру негізіндегі отбасы тәрбиесінің төмендігі.
Мүмкіндіктер	<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық құндылықтарды, халық педагогикасы үлгілерін насихаттау жолында ата-аналар ұжымымен тығыз байланыс орнату арқылы «Әжелер», «Әкелер» , «Аналар» мектебін құру; - Сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету; -Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор мәдени орталықтар, концерттер, мұражайлар, театрларға бару

Қорытындылар: 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысын қорытындылай келе, мектептің педагогикалық ұжымы жоспарланған жоспарларды сәтті жүзеге асыруға, алдына қойылған міндеттерді шешуге ұмтылатынын атап өткен жөн. Әрине, оқу процесінде кемшіліктер бар. Барлық сынып жетекшілері сынып ұжымын зерттеу бойынша жүйелі диагностикалық жұмыс жүргізбейді. Сынып жетекшілерінің Диагностика нәтижелерін

терең білуі қажет. Бұл жұмысты жүйеде жүргізу керек, жылдан жылға қадағалап отыру керек. Өткен кезеңдегі сапалы талдау ғана сынып жетекшісіне тәрбие жұмысының жоғары және төмен, оң немесе теріс нәтижелерін анықтауға көмектеседі. Сондықтан келесі оқу жылында сынып жетекшілерімен жұмысты күшейту қажет. Кейбір сынып жетекшілері қажетті құжаттаманы уақтылы тапсыра алмайды, бұл жалпы мектеп құжаттамасының орындалуын және жоғары тұрған ұйымдарға есептерді тапсыруды кешіктіреді.

Ұсыныс:

- ✓ Ұлттық құндылықтарды, халық педагогикасы үлгілерін насихаттау жолында ата-аналар ұжымымен тығыз байланыс орнату арқылы «Әкелер» мектебін құру;
- ✓ Сынып жетекшілерге «Ұлттық құндылықтар» негізінде әдістемелік көмек көрсету;
- ✓ Әр оқушының тәрбие деңгейін қадағалау бойынша жұмысты күшейту.
- ✓ Балалар мен ата-аналар арасында психологиялық білім мен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты жалғастыру.

Психологиялық диагностикалық жұмысының өзін-өзі бағалауы

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1IN7Jko4BywAKGUn5-WVdmfoxCn5waNEh>

Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеті:

Мақсаты: Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын сақтай отырып, оқу үрдісі барысында оларға психологиялық-педагогикалық жағдай туғызу. Мұғалім – оқушы – ата – ана үштік одақ байланысына психологиялық қолдау көрсету.

Міндеті:

- Оқу – тәрбие барысында тұлғаның дамуын қалыптастыру;
- Оқушының әрбір жас аралығында тұлғааралық, интеллектуалды және профессионалды дамуын қамтамасыз ету;
- Әр балаға тиісті жеке түрдегі жұмысты қамтамасыз ету;
- Оқушының интеллектуалды және тұлғалық дамуының ауытқуын психологиялық педагогикалық зерттеу, профилактикалық және коррекциялық жұмыс жүргізу;
- Балаларды тәрбиелеудегі туатын қиыншылықтар және отбасындағы микроклиматты жақсарту бойынша ата-аналарға кеңес беру;
- 1 – ші, 5 – ші және 10 – шы сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау және түзету жұмыстарын жүргізу.

Негізгі бағыттары:

Психодиагностика

Психопрофилактика


Психокоррекция

Психологиялық кеңестер

Психологиялық тренинг

А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің 2022 – 2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылындағы 1 – сынып табалдырығын аттаған барлық оқушылардың мектепке даярлығын Керн-Ийрасик әдістемесі бойынша

1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында жүргізілген тест жұмысының екі жылдық салыстырмалы нәтижесі.



Оқу жылы	Жоғары	Орта	Төмен
2022-2023	21,1%	63%	15,9%
2023-2024	16,4%	69,5%	14%

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында оқушылардың мектеп даярлығы 21,1% жоғары деңгейде болса, 2023-2024 оқу жылында 16,4% жоғары деңгейде көрсеткен. Яғни өткен оқу жылымен салыстырғанда 4,7% төмендеген.

1-сынып оқушыларының «Мектеп суреті» жобалау әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі оқу жылының алғашқы айында мектеп психологтарының жылдық жоспарына сәйкес жүргізіледі. 1-сынып оқушыларынан Н.Нижегородцева, В.Щадриков «Мектеп суреті» жобалау әдістемесі бойынша жүргізіледі. Зерттеу мақсаты: мектепке, оқуға қызығушылығын анықтау, мұғалім мен сыныптастарымен қарым-қатынасын байқау, сол сәтте оқушының көңіл-күйін бағалау және ой-өрісі мен мектепке деген көзқарасын анықтау.



Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың 2022-2023 оқу жылындағы көрсеткіші 74,3%, 2023-2024 оқу жылындағы көрсеткіші 78,9% -ы мектепке толық бейімделу деңгейін көрсеткен. Мектепке толық бейімделе алмаған ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жеке жоспар құрылып, арнайы психологиялық түзету жұмыстары жүргізіледі.


2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша 5 – сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын анықтау мақсатында Н.Г. Лусканова әдістемесі бойынша тест жұмысы жүргізілді. төменде салыстырмалы талдау нәтижесі.



Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында 6% жоғары болса, 2023-2024 оқу жылында 8% жоғары, яғни 2% жоғары деңгей көрсеткен. Ал 2022-2023 оқу жылында 23% төмен деңгей болса, 2023-2024 оқу жылында 26% төмен деңгей көрсеткен.

Б. Филлипс әдістемесі бойынша 5-сынып оқушылардың бойындағы мектеп өміріне байланысты пайда болатын мазасыздық деңгейін анықтау барысында жүргізілген тест жұмысы бойынша анықтама

2022 оқу жылында 5-сыныптар бойынша тестке барлығы 159 оқушы қатысса. 2023 жылы қазан айында кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін анықтау мақсатында Б. Филлипс әдістемесі бойынша әрбір оқу жылы сайын 5-сынып оқушыларынан тест жұмысы жүргізіледі.



Ескерту:

I – Жалпы мектептегі мазасыздық

II – Әлеуметтік стрессті басынан өткізу

III – Жетістікке жету жолындағы қажеттіліктерді өтудегі кедергілер

IV – Өзін – өзі көрсетудегі қорқыныш сезімдері

V – Білімді тексеру барысында пайда болатын қорқыныш сезімдері

VI – «Қоршаған ортаның талабына сай болмай қаламын-ау» деген қорқыныш сезімдері

VII – Физиологиялық стресске қарсы күресінің төмендігі

VIII – Мұғалімдермен қарым-қатынаста пайда болған қорқыныш сезімімен, қолайсыз мәселелер.

Қорытынды: Жалпы мектептегі мазасыздық 2022-2023 оқу жылы 50,7% 2023-2024 оқу жылы 41,4%. Яғни жалпы мазасыздық 8%-ға төмендеген. Әлеуметтік стрессті басынан өткізу 2022-2023 оқу жылы 30,1% 2023-2024 оқу жылы 39,7% Жетістікке жету жолындағы қажеттіліктерді өтудегі кедергілер 2022-2023 оқу жылы 27,5% 2023-2024 оқу жылы 35%. Өзін – өзі көрсетудегі қорқыныш сезімдері 2022-2023 оқу жылы 51,4% 2023-2024 оқу жылы 39,5%. Білімді тексеру барысында пайда болатын қорқыныш сезімдері 2022-2023 оқу жылы 39,8% 2023-2024 оқу жылы 49,6%. «Қоршаған ортаның талабына сай болмай қаламын-ау» деген қорқыныш сезімдері 2022-2023 оқу жылы 26% 2023-2024 оқу жылы 37,3%. Физиологиялық стресске қарсы күресінің төмендігі 2022-2023 оқу жылы 52% 2023-2024 оқу жылы 36,2%. Мұғалімдермен қарым-қатынаста пайда болған қорқыныш сезімімен, қолайсыз мәселелер 2022-2023 оқу жылы 47% 2023-2024 оқу жылы 46,2%.

Жыл сайынғы жалпы мектептік ата-аналар комитетінің жиналысының жүргізу Педагог-психологтар Азимбаева Ж., Ермекқызы А.

Отбасы және мектеп арасындағы байланысты нығайту арқылы, отбасы тәрбиесінің типтерімен таныстыру және бала тәрбиесіндегі ата - аналардың қолданып жүрген әдістерінің нәтижелеріне көңіл аударту. Бала тәрбиесіне отбасы мен мектеп арасындағы қарым - қатынасты нығайтуды дамыту. Қазіргі жағдайларда ата-аналар мектеп тарапынан білікті көмекке мұқтаж. Ата-ананың педагогикалық біліксіздігінің зардабы тым ауыр болуы мүмкін; *өзіңнің ата-ана ретіндегі қателеріңді түзетіп баланы қайта тәрбиелеу, басынан бастап баланы теріс әрекеттер жасамай, теріс сөздер айтпай дұрыс тәрбиелегеннен әлдеқайда қиын екенін бәріміз білеміз.* Сондықтан да ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттыру керек. Бала тәрбиесі– әрбір жекелеген отбасының да, мектеп мұғалімдері және жалпы бүкіл қоғамның міндеті дей отырып ата-аналарға мектеп өмірінде кездесетін түрлі жағдайлар бере отырып, ата-аналар мен пікір аталас арқылы ұтымды шешімдер шығара білді.

Ата-аналар жиналыс сәтінен көріністер



Әрбір жаңа оқу жылында жалпы мектептік сынып жетекшілер жиналысында қаралатын мәселе:

Мектеп психологы: Ермекқызы Ардақ


Мұғалім өзінің кәсіби қызметі барысында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге байланысты өзінің тікелей міндеттерімен қатар, әріптестерімен, шәкірттерімен, олардың ата-аналарымен қарым-қатынаста болуы керек.

Қазіргі қоғамдағы ауқымды мәселенің бірі «Буллинг» және «Кибербуллинг» жайлы сынып жетекшілермен пән мұғалімдеріне қысқаша дәріс оқылды. оқушыға бір немесе бірнеше оқушылар тарапынан ұзақ уақыт агрессивті іс-әрекет қолдануы. Буллингтің белгілері: ең басты мәселе екендігі айтылды. Күштің теңсіздігі, агрессия, ұзақ уақыт бойы іс- әрекеттердің қайталанбауы, жәбірленушінің әсершілдігі жөнінде айтылды. Сондай-ақ Буллингтің түрлері: Физикалық, вербалды, қорқыту, шеттету, бопсалау, мүлікті бүлдіру, кибер буллинг екендігіне тоқталдық сонымен қатар буллинг құрбанына кімдер болатыны Физикалық кемістік, көзілдірік тағатын, құлағы нашар еститін, ДЦП, мінез ерекшелігі тұйық, ұялшақ, сезімтал, мазасыз, сенімсіз, өзін- өзі сыйлауы төмен, түр әлпетінің ерекшеліктері: сепкіл, құлағы үлкен, әлеуметтік дағдылардың төмен дамуы досы жоқ, ешкіммен араласпайтын бала, мектеп қорқынышы- сабақты нашар оқитын, жаңадан келген балалар екендігі айтылды.

Сынып жетекшілер жиналыс сәтінен көріністер



10-сынып оқушыларының оқуға қызығушылық деңгейін анықтау мақсатында Г.А.Карпова сауалнамасы әдістемесі жүргізілді.



Қорытынды пікір: Зерттеуге қатысқан оқушылардың оқу мотивациясының көрсеткішінің 2022-2023 оқу жылы және 2023-2024 оқу жылымен салыстырмалы түрде көрсеткіш нәтижесі.

4-сынып оқушыларының мектеп мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасының анықтамасы

2022-2023 оқу жылы және 2023-2024 оқу жылында 4 – сынып оқушыларының оқуға мотивациясының анықтау мақсатында Н.Г. Лусканова әдістемесі бойынша сауалнама жұмысы жүргізілді.

Сауалнама 10 сұрақтан қамтылған. 10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 ұпайға дейін бағаланады (теріс жауап - 0 ұпай, бейтарап жауап -1 ұпай, оң жауап - 3 ұпай)



Қорытынды: Тест жұмысына 4-сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын анықтау негізінде алынды. 2022-2023 оқу жылында мектепке бейімделуі 23,6% болса 2023-2024 оқу жылында 34,2%. Орташа деңгейде көрсеткен – 45,4%, болса 2023-2024 оқу жылында 50%. Сыртқы мотивациясы басым 17%, болса 2023-2024 оқу жылында 19%. Мектепке мотивациясы төмен, дезадаптация 2,9%, болса 2023-2024 оқу жылында 2,8%. Мектепке теріс қарым-қатынас, анық дезадаптация – 1 оқушы 0,7% көрсетті. болса 2023-2024 оқу жылында 1,6%

«Мен өмірді таңдаймын!» тақырыбында жүргізілген жұмыстың анықтамасы

Жыл сайын орта буын оқушыларымен Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «Білім беру ұйымдарының білім алушыларының арасындағы аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу бағдарламасын жүзеге асыру аясында 7«А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Д» сынып оқушыларына «Мен өмірді таңдаймын!» тақырыбында тренинг жұмысы жүргізілді. Өтініш жасалған жағдайда қатысушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту; бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру мақсатында. Шындығында өтініш жасау деген оңай шаруа емес. Сондықтан өтініш жасарда адамның орынды қарым-қатынас жасауы өте маңызды рөл атқаратыны айтылды. Оқушыларға өмірдің маңыздылығы, адам өмірде бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орната білу керектігі және өмірді бағалау қажеттігі туралы айтылды.

Сабақтың рефлексиясы Менің бұл сабақтан алған тәлімім... Маған ұнағаны... Маған ұнамағаны... Менің естігім, білгім, жасағым келгені... Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу» арқылы бүгінгі сабақтан түйгендерін қорытындылады. Оқушылар тренингке белсенді қатысты.

11-сынып оқушыларымен жүргізілген «Емтиханға дайындалуға психологиялық көмек» тақырыбында тренинг

Жыл сайын 9 және 11 сынып оқушыларына арналған «Емтиханға дайындалуға психологиялық көмек» тақырыбында оқушылармен топтық ойын әдістері арқылы емтиханға дайындалудың тиімді әдістерімен таныстыру, танымдық қабілеттерді дамыту мақсатында тренинг жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар тренингке белсенді қатысады.

Тренинг соңында алған әсерлерімен қорытынды жасалды. Оқушылардың өзіне деген сенімділіктері артып, көтеріңкі күйде екендігі айтқан алғыстарынан көрініп тұрды.

Оқушылардың тренинг сәтіндегі көріністері





2022-2023 оқу жылы

Ай атауы	Сыныбы, тобы	Іс-шара түрі	Тақырыбы	Мақсаты
Қыркүйек	Ата-аналарға	баяндама	Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық педагогикалық қолдау	Бейімделу туралы жалпы түсінік беру, баланың мектепке сәтті бейімделуі туралы түсінік беру.
	1-сынып оқушыларына	тренинг, ойын-жаттығулар	«Менің мектебім»	1-сынып оқушыларына мектепке оңтайлы бейімделуіне ықпал жасау.
	5-сынып мұғалімдеріне	баяндама	5-сынып оқушыларының орта буынға сәтті бейімделуі	оқушылардың орта буынға тез бейімделуіне оңтайлы ықпал жасау.
	8,9-сынып оқушыларына	пікірталас, ойын-жаттығулар	Қауіпсіз интернет	Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдарын, зияны және пайдасы туралы түсінік беру
Қазан	Ата-аналарға	семинар-тренинг	«Ата-ана-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі мектептің белсенді серіктесі»	Бала тәрбиесіне отбасы мен мектеп арасындағы қарым - қатынасты нығайтуды дамыту.
	1-сынып мұғалімдеріне	семинар-тренинг	Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі	оқушылардың мектепке бейімделудегі жеке-дара ерекшеліктеріне зер салу.
	10,11-сынып оқушыларына	пікірталас, ойын-жаттығулар	Қауіпсіз интернет	Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдарын, зияны және пайдасы туралы түсінік беру
Қараша	1-11 сынып жетекшілеріне	семинар-тренинг	Ата-аналармен жұмыс барысында жанжалды жағдайларды қалай шешуге болады	Мұғалім өзінің кәсіби қызметі барысында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге байланысты өзінің тікелей міндеттерімен қатар, әріптестерімен, шәкірттерімен, олардың

				ата-аналарымен оң қарым-қатынаста ықпал ету.
	11- сынып	тренинг	Мен өз ренішіме түстім	өз-өзін ұстай білуге үйрету
	8-сынып оқушылары	тренинг	Стрестен қалай арылуға болады?	оқушылардың стреске тиімді қарсы тұру қабілетін қалыптастыру және стрестен арылу жолдары.
Желтоқсан	Жоғары буын ата-аналар	баяндама	«Балалар махаббаты. Ата-аналарға қалай жауап беру керек?»	Әрбір жеке адам өмірінің маңызды бастауы, рухани өзегі – отбасы.
	7-сынып оқушылары	тренинг	Жасөспірімдердің денсаулығы және өмірлік дағдарысы	Балалар арасында депрессияның алдын алу.
	8-сынып оқушыларына	тренинг	Мен өмірді таңдаймын	оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірдегі кедергілерді жеңе білуге қалыптастыру.
Қаңтар	10-сынып	тренинг	Дос болайық бәріміз!	рухани адамгершілік қасиеттерін дамыта отырып, ынтымақшыл, достық қарым-қатынасқа бағыттау.
	ата-аналарға	вебинар	Буллинг. Оны қалай тоқтатуға болады?	буллингтің алдын алу іс-шаралары туралы түсіндірілді.
	6-сынып	тренинг	Менің көңіл-күйім әрдайым	балаларды психологиялық тұрақтылыққа баулу.
Ақпан	5-сынып	тренинг	Өзіңе сен, өзіңнің күшіне сен.	өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, сынып ұжымын біріктіру.
	6-сынып	тренинг	«Ой, сезім, мінез-құлық»	Жағымды көңіл күй өрісін дамыту, қатысушыларды сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету
	ата-аналар	семинар тренинг	Ата-аналарды педагогикалық қолдау	мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастыру өзара серіктестік орнату
Наурыз	8-сынып	тренинг	өзіне деген сенімділікті арттыру	Оқушылардың психикалық көңіл-күйін көтеру. Сыныптастар

				арасында сыйластық қалыптастыру.
	4,5-сынып оқушыларына	тренинг	Менің сыныбым	оқушыларды жаңа ортаға үйренуге қалыптасыру және алдын алу
Сәуір	11-сынып	тренинг	11-сынып оқушыларының өз-өзіңе деген сенімділігін арттыру...	: Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңге оқушылардың мінез – құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін; өзін – өзі реттеуін; өзін – өзі бақылау дағдысын оқытуын; сенімділігін арттыруын жүзеге асыру.
Мамыр	9-11 сынып оқушылары	семинар-тренинг	Мамандық – жетістік мерейі	«Мамандық» туралы түсініктерін кеңейту. Мамандықты дұрыс таңдау,
	9-11 сынып оқушылары	тренинг	«Емтиханға дайындалуға психологиялық көмек»	емтиханға дайындалудың тиімді әдістерімен таныстыру, танымдық қабілеттерді дамыту

2023-2024 оқу жылы				
Ай атауы	Сыныбы, тобы	Іс-шара түрі	Тақырыбы	Мақсаты
Қыркүйек	ата-аналар 1-11 сынып	семинар-тренинг	Отбасы- бала-мектеп қоғамдық тәрбие	ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту
	1-сынып жетекшілеріне	баяндама	Бірінші сынып оқушыларының мектепке сәтті бейімделуі	оқушылардың мектепке оңтайлы бейімделуіне ықпал жасау
	1-сынып ата-аналарына	баяндама	Бірінші сынып ата-аналарына педагогикалық-психологиялық қолдау	оқушылардың оңтайлы бейімделуге ата-ана мектеп тарапынан қолдау.
	8-10 сынып ата-аналарына	түсіндірме жұмысы	Оқушылар арасында жәбірленудің алдын алу	оқушылар арасында буллингтің алдын алу
	1-11 сынып жетекшілері	семинар тренинг	Тағдыр күзетшілері	жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу
Қазан	7-сынып	тренинг	Пікірталас - жанжал емес	жанжал жағдайларында мінез – құлықтың сындарлы амалдарын дамыту, сенімділік

				тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық – зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым – қатынас жасауға дағдылану.
	3-4 сынып	ойын сабақ сурет салу	«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»	балаларды ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабардар ету, әлеуметтік дағдыларды дамыту
Қараша	6-сынып	тренинг	«Ашумен не істеу керек?»	Тәлім алушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету
	10-сынып	тренинг	«Көңіл-күйіңізге әсер етіңіз жақсартыңыз»	өзін жақсы сезінудің немесе туындауы мүмкін мәселелерді шешудің түрлі жолдарын зерттеуге үйрену
	5-сынып	тренинг	Менің көңіл күйім	орта буында оқу жағдайына бейімделу кезінде психологикалық қолдау.
Желтоқсан	11-сынып	тренинг	«Стресстен қалай құтылуға болады?»	оқушылардың стресске төзімділік қабілетін қалыптастыру
	7-сынып	тренинг	Логикалық жаттығулар кешені «Орындықтар», «Күрделі квадрат»	рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыта отырып, ынтымақшыл, тату, достық ұғымдарының мәнін ашып, өзара дұрыс қарым-қатынас жасауға бағыттау
	4-сынып	ойын-жаттығулар	Көңілді үзіліс	бейнелеу, өзіндік денені сезінуге, тұлғалық қатынас.
Қаңтар	сынып жетекшілер	семинар тренинг	Ата-аналармен жұмыста жанжалды жағдайларды қалай шешуге болады?	ата-ана мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту
	ата-аналарға орта буын	семинар тренинг	Ата-ана мен бала арасындағы табысты қарым-қатынасты	бала тәрбиесіндегі педагогикалық-психологиялық қатынасты арттыру.
	3 сынып	тренинг	Қарым-қатынас мәдениеті	рухани-адамгершілік қасиеттері дамыту
Ақпан	7-сынып	тренинг	«Мен өмірді таңдаймын!»	өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру
	10-сынып	тренинг	«Өтініш және оған деген көзқарас»	құрбыларымен зорлық – зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым –

				қатынас жасауға дағдылану
	сынып жетекшілерге	баяндама	Мектепшілік тәртіпті бақылау	Мектептегі буллинг себептері және алдын алу жұмысы
	1 сынып	тренинг	Мен тәуелсіз болғым келеді.	сынып ұжымын біріктіру және қолайлы психологиялық орта.
Наурыз	2-сынып		«Қиын жағдайлар маған не үйрете алады?»	Қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктері
	ата-аналар	түсіндірме жұмысы шағын баяндама	біздің балалар таңдаған мамандық	ата-ананың мамандық таңдау барысында баласының мамандыққа деген икемділігі мен қызығушылығы барсында
Сәуір	жас мамандармен	семинар тренинг	Жасөсірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады	жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау өзін еркін сезінуге көмектесу мақсатында
	ата-аналар	семинар тренинг	Ата-аналарды педагогикалық қолдау	мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастыру өзара серіктестік орнату
Мамыр	9 сынып	тренинг	Мамандық – жетістік мерейі	«Мамандық» туралы түсініктерін кеңейту. Мамандықты дұрыс таңдау,
	11 сынып	тренинг	«Емтиханға дайындалуға психологиялық көмек»	емтиханға дайындалудың тиімді әдістерімен таныстыру, танымдық қабілеттерді дамыту

ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1FfY4yhGi-4enJgNnyhLHIjr0OLnJhfTk>


Мектеп-лицей 2004 оқу жылының 1 қыркүйегінде пайдалануға берілді. Ғимарат іргетасы тіреулі (свайный) қабырғалары кірпіштен салынған, еден бетон. **Жалпы алаңы 15,122.** Ғимараттың ауқымы **45015. 4** қабатты, 1200 оқушыға арналған. Мектепте оқу кабинеті, оның ішінде физика, химия, биология, робототехника, STEAM мен кітапхана Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығына қосымшаға сәйкес жаңа модификациядағы жабдықтармен қамтамасыз етілген.



Турникет- Професионал ЖШС

Санитарлық торап: Мектепте жалпы -22 дәретхана бар: қыздар -9; ұлдар -9; қызметтік-4;

ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР МЕН ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚҰРУ



Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Астана қаласындағы №48 мектеп-лицейге медициналық көмекті Тәуелсіздік 11/1 көшесі, ғимаратында орналасқан «Қалалық №13 поликлиника» ШЖҚ МКК-сі көрсетеді.

Мектепте 1 медициналық кабинет және егу бөлмесі бар.



Оқу-материалдық активтер бойынша қосымша мәлімет

№	Қызмет түрлері	Келісім шарт	Мерзімі
1	Мектеп қызметкерлерін медициналық тексеруден өткізу қызметтері	"№13 қалалық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	мерзімсіз
2	Өрт/күзет белгі беру/өрт сөндіру жүйелеріне/бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	"ABC BERKUT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; "Охранное агентство "Алмаз Групп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; "TechPoshStroiService" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. "Охранное агентство "НУР-БАГААТ" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;	шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін 2024 жылғы 1 наурыздан бастап 2024 жылғы 30 маусымға дейін, 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін
3	1-4 сыныптардағы балаларға, аз қамтылған отбасылардан шыққан мұқтаж балалар мен жетім балаларды тамақтандыру қызметі	ИП "Камбарова З.А."	№8, 2024 жылдың 9 қаңтардан бастап келісім шартқа отырды. 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін
4	Ахмет Байтұрсынов атындағы № 48 мектеп лицей асханасы	Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)	№Z.01.H.KZ27 VWF00103171 Дата: 14.07.2023 ж.
5	Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижесі	Алматы ауданының төтенше жағдайлар департаменті Нарушение не выявлены	06.04.2022 ж.
6	Мектептің электронды поштасы	48.astana-mektep@mail.ru	

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:

Бастауыш сыныптарға киімге арналған үш есікті шкафтар 620 дана. Ноутбуктарға арналған арайы шкаф-1 дана. Шкаф химия зертханасына химиялық реактивтерге арналған темір шкаф - 1 дана. Көп функционалды шкаф -3 дана.

Шкаф модульный физика зертханасына арналған -3 дана. Биология кабинетіне-5 дана шкаф. Химия кабинетіне модульный шкаф- 3 дана. Шкаф бір есікті түрлі заттарға арналған -1




дана. Шкаф дәрі дәрмектерге арналған -4 дана. Шкаф мұғалімдер бөлмесінде секциялық 2 дана. Шкаф сейф-1дана.

Асхана



Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:

Мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға арналған мектепте қажетті жағдай жасалған. ЕББҚ мүгедек балалар үшін жеке білім беру процесін басқару және қамтамасыз ету, түзету-педагогика саласында жоғары білікті арнайы мамандандырылудан өткен (сертификаттары бар) мұғалімдермен атқарылып отыр. Мектепке кіре беріс жеріне мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы ұстап жүріп, кіретін арнайы құрылғы (подъемник пен балаларға арналған арнайы қоңырау нүктесі (звонок) орнатылған, мектеп ішінде балалардың жүріп-тұруына арнайы сары түсті жолақ жолдар төселінген, сонымен қатар мектепте мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға арналған ыңғайластырылған дәретхана мен жылжымалы орындықтарында отырған мүгедек балалардың мекеме ішіне еркін кіріп, шығуы үшін табалдырықтарға тактильдік тақтайшалар орнатылған.






Шахмат кабинеті



Кітапхана



Мектеп дәліздерінің безендірілуі



Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1QBqkXMzTzxFKBISXeYaO6nMMrLF9G8uX>

1. Химия кабинетке арналған жиһаздар:

Маркер мен және бор мен жазылатын бес элементті құрама тақта-1, компьютерге арналған

жалғамасы бар оқытушы үстелі -1, электр энергиясы жеткізілген демонстрациялық үстел-1, шынтакшалары бар аунақшаларда айналатын кресло-1, 2 орынды зертханалық үстел – 15, оқушылар орындығы-30, ашық - жабық сөрелері бар оқу-көрнекі құралдарына арналған шкаф -2, мұғалімге арналған орындық-1, жалюзи-3.

2. Оқытудың техникалық құралдары:

Интерактивті панель -1, микрофон-телефон гарнитурасы мен және web-камера мен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер -1, үстелге арналған акустикалық жүйе -1, көп функциялы құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер) -1, желілік фильтр -1.

3. Химия бойынша сандық зертхана:

Су сапасын өлшеу датчигі (рН)-1, газқысымының датчигі -1, кернеу датчигі-1, температура датчигі -1, өткізгіштік датчигі -1, сандық зертханадағы эксперименттері бар кітап -1.

4. Аспаптар және тәжірибеге арналған керек-жарақтар:

Зертханалық құрамдас монша -1, 200 грамм (0,1 грамм) дейінгі электрондық таразылар -1, фреометрлер жиынтығы (15 дана), химия бойынша демонстрациялық тәжірибелерге арналған ыдыстар жиынтығы -1, химиядан зертханалық жұмыстарға арналған ыдыс-аяқ пен керек-жарақтардың жиынтығы -15, газ жинауға арналған зертханалық аспап -1, Химиялық зертханалық штатив -15, мұғалімге арналған әмбебап штатив -1.

5. Зертхана бөлмесіне арналған жиһаздар:

Бір тумбалы үстел -1, жартылай жұмсақ орындық -2, киімге арналған шкаф-1, жабық шкаф -1, ашық шкаф -1, желдету жүйесі бар демонстрациялық сору шкафы -1.

6. Демонстрациялық үлгілер:

Демонстрациялық кристалдық торлар үлгілерінің жиынтығы-1, масштабты молекулалар үлгілерінің жиынтығы -1, оқушылар мен мұғалімдерге арналған органика және бейорганика бойынша молекула үлгілерінің жиынтығы – 12.

7. Табиғи коллекциялар:

«Таскөмір және оны қайта өңдеу өнімдері» коллекциясы -1, "металдар" коллекциясы -1, "минералдар мен тау жыныстары" коллекциясы -1, "мұнай және оны қайта өңдеу өнімдері" коллекциясы -1, "отын" коллекциясы -1, "қаттылық шәкілі" коллекциясы -1, «алюминий» коллекциясы -1, «каучук» коллекциясы -1, «пластмассалар» коллекциясы -1.

8. Қосымша керек-жарақтар:

Керек-жарақтары бар дәрі қобдишасы -1, ксероксқа арналған қағаз -1 қорап, маркер тақтасына арналған губка -1, қоқыс себеті-1, маркер тақтасына арналған магниттер -1, тақтаға арналған маркер -1, мектеп боры дана -100, ашық үлгідегі қорғаныс көзілдірігі -14, химиялық төзімді қорғаныс биялайлары -30 дана, медициналық м/м халат -25.

9. Рияктивтердің мөлшері:

Металдар: алюминий (гранула) – 100г, алюминий (пудра)- 50г, темір (порошок) - 50г, магний (порошок) -25г, мыс (порошок) - 50г, қалайы (гранула) - 50г, мырыш (гранула) - 50г.

Металл оксидтері: алюминий оксиді – 100г, мыс оксиді – 100г, мырыш оксиді– 100г, темір(III) оксиді - 50г, мыс оксиді (порошок) – 100г, магний оксиді – 100г, марганец оксиді – 100г.

Органикалық қышқылдар: аминсірке қышқылы - 50г, бензой қышқылы - 50г, құмырсқа қышқылы – 100г, олеин қышқылы - 50г, пальметин қышқылы - 50г, стеорин қышқылы - 50г.

Минералды тыңайтқыштар: аммофос -100г, аммоний сульфаты – 100г, суперфосфат -100г, монокальцийфосфот - 250г, натрий силитра - 100г, корбомид - 100г, кальций силитра -100г.

Материалдар: кальций карбонат -500г, белсендірілген көмір – 100г.

Карбонаттар: калий карбонаты -50г, мыс карбонаты – 100г, натрий карбонаты – 100г, натрий гидрокарбонаты – 100г, алюминий карбонаты – 50г.

Галогендер: алюминий хлориді – 100г, темір (III) хлориді – 100г, калий йодиді – 100г, калий хлориді - 50г, мырыш хлориді - 50г, кальций хлориді – 100г, магний хлориді – 100г, натрий хлориді – 100г, мыс (II) хлориді – 100г, барий хлориді – 100г, натрий бромиді – 100г, натрий фториді– 100г, альюминий хлориді – 100г, литий хлориді – 100г.

Сульфаттар, сульфиттер және сульфидтер: алюминий сульфаты – 100г, аммоний сульфаты –

100г, темір сульфаты – 100г, калий сульфаты – 50г, кобальт сульфаты – 50г, магний сульфаты – 50г, мыс сульфаты – 250г, натрий сульфаты – 50г, натрий сульфиді – 50г, никель сульфаты – 50г, мырыш сульфаты – 100г.

Демонстрациялық тәжірибелерге арналған тұздар: калий карбонаты – 50г, калий бикорбанаты – 50г, кальций дигидрофосфаты – 50г, кальций гидрофосфаты – 50г, калий гидрофосфаты – 50г, натрий карбонаты – 50г, натрий гидрофосфаты – 50г.

Фосфоттар және силикаттар: натрий ортофосфаты–100г, натрий моногидрофосфаты –50г, натрий дигидрофосфаты –50г, натрий моносиликаты – 50г.

Марганец қосылыстары: марганец оксиді –50г, марганец хлориді –50г, марганец сульфаты –50г.

Нитраттар: алюминий нитраты –50г, аммоний нитраты –50г, калий нитраты –50г, натрий нитраты –50г, күміс нитраты –50г, кальций нитраты –50г, барий нитрат –50г.

Индикаторлар: метилоранж–20г, фенолфталеин–20г, лакмус–20г.

Хром қосылыстары: аммоний бихроматы–250г, калий бихроматы–50г, калий хроматы–50г, хром (II) хлориді–50г.

Ацетат, родонид және цианидтер: калий гексацианоферрат (II) –250г, калий гексацианоферрат (III) –50г, калий родонид –50г, натрий ацетат –50г, қорғасын ацетат –50г, калий ацетат –50г.

Аминдер және көмірсулар: анилин–50г, Д глюкоза–50г, сахароза–50г.



2) Жаңартылған биология кабинеті және зертханалық жабдықтардың тізбесі:

Интерактивті тақта-1, Интерактивті тақтамен біріктірілген мультимедиялық проектор-1, Аудио-жүйе-1, Дербес компьютердің жүйелік блогы-1, Интерактивті дозалау бағдарламалық құралы-1, Портативті компьютердің мониторы құрылғы-1, Үздіксіз қуат беретін құрылғылар-1. Желілік фильтр, Жеке компьютерге микрофоны бар құлаққап-1, Толық жиынтық-1, Компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз ету-1, Температураны өлшеу сенсоры-1, Газ қысымын өлшейтін сенсор-1, pH өлшеу сенсоры-1, CO газының сенсоры-1, Салыстырмалы ылғалдылық сенсоры-1, O газының сенсоры-1, Электрокардиограмма сенсоры-1, Веп-камера-1. Электронды таразылар-1, Биология микролаборатория -1, Магнитті генетикалық аппликациялар, Қояның қаңқасы-1, Құсың қаңқасы-1, Тәжірибе жұмысына арналған тұқымдар жиынтығы, Біріктірілген зертханалық штатив-2,

Жалпы биологияға арналған микропрепараттар жиынтығы-1,

Өкпенің ішкі құрылысының моделі-1, Көмей моделі-1, Жүрек моделі-1, Бас моделі-1, Ұйқы безінің үлгісі-1, Тіс үлгісі-1, Секциялық бас үлгісі-1, Адам көзінің үлгісі-1, Мұрын үлгісі-1, Құлақ үлгісі-1, Тіл үлгісі-1, Асқазан үлгісі-1, Ішек бұршіктерінің үлгісі-1, Несеп-жыныс-жүйесінің моделі-1, Бүйрек капсуласы үлгісі-1, Бауыр моделі-1, Жұлын моделі-1, Нейрондық модель-1, Адамның ұрық -дамуының моделі- 1, Жасушаның бөлінуінің митоз және миоз моделі-1, ДНҚ құрылымдық моделі-1, РНК моделі, Тері құрылымының үлгісі-1, Аяқ үлгісі-1. Эндокриндік жүйенің моделі-1, Лимфа жүйесінің моделі-1, Ланцет үлгісі-1, Жануар жасушасының құрылымы-1, Жануарлардың жасуша қабырғасының моделі-1, Гүлдің құрылымының үлгісі-1, Кірпікшелі парамеций моделі-1, Бұршақ гүлінің үлгісі-1, Қырыққабат гүлінің үлгісі-1,

Картоп гүлінің үлгісі-1, Шабдалы гүлінің үлгісі-1, Адам қаңқасының үлгісі-1, Өсімдік гүлдеріндегі қос ұрықтандыру моделі-1, Қызғалдақ гүлінің үлгісі-1, Көкөністер-1, Сүйекті балық қаңқасының үлгісі-1, Қызғалдақ гүлінің үлгісі-1, Саңырауқұлақтар-1, Жеміс-1, Бақа қаңқасының үлгісі-1, Үлкейткіш әйнек-1, Оқу микроскопы- 4, Әйнекті жабу-1, Биологтардың портреттері-к-т, Биология курсы бойынша зертханалық және практикумға арналған электронды оқу құралы -1, Сынып қабырға тақтасы-1, Биология ғылымының саласы стент-1,

Эволюция стент-1, қауіпсіздік техникасы стент -1, Генетика стент-1, Жалпы биология стент-1. Зоология стент-1, Ботаника стент-1, Адам физиологиясы мен анатомиясы стент-1, Биология кабинетіне арналған екі бөліктен тұратын кесте-1, Мұғалім үстелінің подиумы-1, Мұғалім орындығы-1, Жұмыс үстелі-1,

Жаңартылған физика кабинеті және зертханалық жабдықтардың тізбесі:

№	Оқу құралының атауы	Өлшем бірлігі	Саны (дана)
Интерактивные и технические средства обучения :			
1	Интерактивты панель 75» 4к	шт	1
2	Құжат-камера DC 125	шт	1
3	Мұғалімге арналған компьютер	шт	1
4	Монитор LED21.5».250қд/м2	шт	1
5	Үздіксіз керек көзі UPS SVC V 1200-F	шт	1
6	Желілік фильтр 6 роз,3м.	шт	1
7	Гарнитура	шт	1
8	Web-камера 1280*720р	шт	1
9	Конфункционалды құрылғы	шт	1
Экранның дыбыстық құралдары:			
10	Мультимедиялық оқу құралдарының жиынтығы (7-11 сыныптар)	К-т	2
Физикадағы компьютерлік өлшеу сенсорларының жиынтығы:			
11	Есептегіштерді компьютерлік өлшеу үшін деректер тіркеушісі	шт	1
12	Кернеу өлшеу датчигі	шт	1
13	Ток қуатын өлшеу датчигі	шт	1
14	Гальванометр датчигі	шт	1
15	Температураны өлшеу датчигі	шт	1
16	Фотометриялық датчигі	шт	1
17	Термoeлектрлік датчигі	шт	1
18	Қуат кабелі.Физиктер	шт	1
Жалпы мақсаттағы құрылғылар:			
19	Ілгегі бар тауарлар жиынтығы	набор	1
20	Бірдей көлемдегі денелер жиынтығы(дем)	набор	1
21	Бірдей массасы бар дене топтары(дем)	набор	1
22	Комовскийдің вакуумдық сорғы	шт	1
23	Қоңырау бар вакуумдық пластина	шт	1
24	Салмағы 1000г дейін техникалық таразылар,тепе-теңдікпен	шт	1
25	Электрондық Т-1000 ауқымы	шт	1
26	Қолмен ауа сорғы	шт	1
Механикаға арналған демонстрациялық құралдар жиынтығы :			
27	Архимед шелегі	шт	1
28	Әуе жолы	шт	1
29	Сығылған ауаның көлемі	шт	1
30	Штативке арналған денелердің еркін құлауын көрсететін құрылғы	шт	1
31	Кемелер қарым-қатынас	шт	1
32	Паскальдің шары	шт	1
33	Ньютоның түтігі	шт	1
34	Ішке жану қозғалтқышының моделі	шт	1
35	Максвеллдің маятниктері	шт	1
36	Балтық тапаншасы	шт	1
37	«Гидростатика ,балқыту органдары»зертханалық жинағы	К-т	1
38	Магнетизмді зерттеуге арналған Microlaboratory	шт	1
39	Экологиялық таза энергияны зерттеуге арналған Microlaboratory	шт	1

40	Электростатика бойынша микролабораториялық зерттеу	шт	1
41	Оптика туралы микролаборатория	шт	1
42	Энергияны зерделеу үшін Microlaboratory	шт	1
43	Гидростатиктерді зерттеуге арналған микролаборатория	шт	1
44	Жылулық құбылыстарды зерттеуге арналған микролаборатория	шт	1
45	Гравитацияны зерттеуге арналған микролаборатория	шт	1
46	Жеңіл жылжымалы арбалар жиынтығы	К-т	1(комп)
Механикалық тербелістер мен толқындарға демонстрациялық құралдар жиынтығы:			
47	Резонантты жәшктерге арналған шанышқалы реттеу(жұп)Түрлі қаттылығы бар серіппелер жиынтығы Сент	шт	1
48	Резонантты жәшктерге арналған шанышқалы реттеу(жұп)Түрлі қаттылығы бар серіппелер жиынтығы Сент	набор	набор
49	Резонантты жәшктерге арналған шанышқалы реттеу(жұп)Түрлі қаттылығы бар серіппелер жиынтығы Сент	К-т	комп
50	Резонантты жәшктерге арналған шанышқалы реттеу(жұп)Түрлі қаттылығы бар серіппелер жиынтығы Сент	шт	1
Молекулалық физика және термодинамикадағы демонстрациялық құралдар жиынтығы:			
51	Көміртегі диоксиді мен тұздың кристалды торы	шт	1
52	Сұйықтықтың беттік кернеу коэффициентін анықтау үшін сым жиектерінің жиынтығы	шт	1
53	Атмосфералық қысым көрсету үшін құрылғы (Magdeburg Hemispheres)	шт	1
54	Қатты заттардың жылу өткізгіштігін зерттеуге арналған құрылғы	шт	1
55	Сұйықтықта конвекцияны көрсету үшін құбыр	шт	1
56	Соқаны бар қорғасын цилиндрлері	шт	1
57	Сақиналы шар	шт	1
58	Браунов қозғалысының модельдерінің механикалық моделі	шт	1
59	Сұйық манометр	шт	1
60	Ш нүктесін анықтауға арналған құрылғы	шт	1
61	Пигрометрлік гигрометр	шт	1
62	Кристалдық торлардың үлгілері	набор	1 наб
Электр энергиясына арналған демонстрациялық құралдар жиынтығы:			
63	Электростатика демонстрация жасайды	набор	1 наб
64	Қосқыштар жиынтығы	комплект	1комп
65	Электрофорлы аппарат	шт	1
66	Demonstr үшін үлгі,магнит өрісінің сызығының көлемінде	шт	1
67	Жартылай өткізгіштердің қасиеттерін зерттеу	набор	1 наб
68	Роликті контактілерге арналған ползунков жиынтығы(5 дана)	набор	1 наб
69	Ағынның магнит өрісінің спектрін көрсету үшін жиын	набор	1 наб
70	Магнит өрісіндегі раманың айналуын көрсету үшін құрылғы	шт	1
71	Сызықтың ұзындығының өткізгіштің кедергісіне тәуелдігін көрсететін құрылғы	шт	1
72	Deohord демонстрациясы	шт	1
73	Керек-жарақтары бар әмбебап транспаратор	шт	1
74	Lenz ережесін көрсету жиынтығы	шт	1
75	Қуат көзінің көрсетілімі	шт	1
76	Гальванометрмен ампервальтметр	шт	1
77	Тікелей және ауыспалы ток көрсету үшін ампервальтметр	шт	1
78	Электр қуатын көрсету жиынтығы	К-т	1

79	Көрсету көрсеткіші	шт	1
80	Екі саусақпен ауыстырыңыз	шт	1
81	Бір розетка қосқышы	шт	1
82	DC және AC кернеуі (V-24)	шт	1
83	Блоктарды көрсету жиынтығы	К-т	1
84	Электродинамикалық демонстрациялық жинақ	К-т	1
Оптика және кванттық физикадағы демонстрациялық құралдар жиынтығы:			
85	Электроскопты оқыту	шт	1
86	Дифракциялық жиынтығы,кедергі және жарықтың поляризациясы	шт	1
87	Фото әсерін көрсету үшін құрылғы	шт	1
88	Магнитті ұстағыштарға арнаған геометриялық оптикалық жинақ	шт	1
89	Жоғары кернеу көзі	шт	1
90	Үш түтік спектроскопы	шт	1
91	Конвейерлік және дөңес айна	К-т	1 комп
92	Лазерлік оқыту	К-т	1 комп
Астрономия негіздері:			
93	Көктегі сала	шт	1
94	Tellurion (Model Sun-Earth Moon)	шт	1
95	Рефракторлық телескоп	шт	1
96	Күн жүйесін зерттеуге арналған Microlaboratory	шт	1
Жалпы қолданылатын зертханалық құралдар мен аксессуарлар жиынтығы:			
97	200 гр дейін салмағы бар жаттығулар тарихы	шт	15
98	Динамометр жиынтығы	К-т	15 комп
99	Біріктірілген сымдар жиынтығы(stub)	набор	15 наб
100	Механикадағы тауарар жиынтығы(10шт*100гр)	набор	15 наб
101	Калинер	шт	15
102	Зертханалық штатив	шт	15
Механикаға арналған зертханалық құралдар жиынтығы			
103	Доппен лабораториялық сабы	шт	15
104	Рычаг-линейка	шт	15
105	Зертханалық трибометр	шт	15
106	Механикаға арналған зертханалық жинақ	шт	15
Молекулалық физика және термодинамикадағы зертханалық құралдар жиынтығы			
107	Спиральды резисторлық калориметр	шт	15
108	Калориметр жиынтығы	набор	15 наб
109	Сұйық термометр (0-100градус)	шт	1
Электр энергиясына арналған зертханалық құралдар жиынтығы:			
110	Амметрлер зертханасы	шт	15
111	Вольметр сандызертханасы	шт	15
112	Бір полюсті зертхананы қосыңыз	шт	15
113	Электрмен жабдықтау зертханасы.Сыммен орнатыңыз.	шт	15
114	Мектеп компасы	шт	15
115	Магнит U-тәрізді зертхана	шт	15
116	Магнит жолағы зертханасы (жүп)	шт	15
117	Миниатюралық түтік ұстағышы	шт	15
118	Резисторлар жиынтығы	шт	15
119	Слайдер реостаты(қарсылытың ауытқуы диапазоны 0-50 Ом ағымдағы 1,5 А)	шт	15
120	Электромагнитпен капталған ногтей	шт	15
121	«Магнетизм»зертханасы	шт	15

122	Электрлік маятник	шт	15
123	Катушка-моток зертханасы	шт	15
Оптика үшін зертханалық құралдар жиынтығы:			
124	Оптика үшін зертханалық жинақ	К-Т	15 комп
Практикумға арналған құрал жиынтығы:			
125	Көрсету авометрі	шт	1
126	Радио жинағы	К-Т	1 комп
127	Дроссель катушка	К-Т	1
128	Миллиамметр зертханасы	шт	1
129	Жартылай өткізгішті зерттеу жинағы	набор	1 наб
130	Созылу штамымен өлшеу үшін құрылғы	шт	1
Арнайы зертханалық жиһаз жиынтығы:			
131	Үстелдің қабырғасының үш элементі (маркер-бор) тақтасы	шт	1
132	Оқытушыға арналған демонстрациялық үстел	шт	1
133	Лабораториялық оқушы үстел	шт	15
134	Оқытушы кафедрасы	шт	1
135	Оқушы орындықтар	шт	30
136	Физика кабинетіне арналған комбинирд шкаф	К-Т	1 комп
Оформление кабинета			
137	Тапсырыс берушімен келісім бойынша Физика,ПВХ өнімдерінің кеңсесінің дизайны артқы жарық түрінде	К-Т	1
138	Зертханалық ыдыс	К-Т	3 комп

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Білім ошағында 1-қабатта орналасқан тамақ ішетін орын сыйымдылығы 380 орындық асхана бар. Мектеп асханасы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Жылыту жүйесі орталықтандырылған. Асханаға кіреберіс жерде 15 қол жуатын раковиналар орналасқан. Ас әзірлейтін бөлмеде 4 қолжуғыш, пісіру цехында 1 қолжуғыш орнатылған. Асхана толықтай кәріз жүйесіне қосылған. Қоқыс пен тамақ қалдықтары дезинфекцияланып, контейнерлердің толу шамасына қарай шығарылады. Жарықтандыруда табиғи және жасанды жарықтандыру көздері қарастырылған. Ас үйдің ауасын желдетуге арналған москит торы қондырғымен қатар ас әзірлейтін бөлмеде ауа сорғыш (вытяжка) орнатылған.

Асхананың тамақтану объектісінің жалпы аумағы - 252 м² ас блогының аумағы -64,8 м², Ас әзірлейтін асхана бөлмесінде тамақ пісіретін электр плита 4 дана, электросковорода 1 фазалық, ыдыс аяқтарға арналған стеллаж 3 дана, қоймада арнайы шкаф 5 дана, ет турайтын стол 2 дана, нан турайтын стол 1 дана, көкөніс турайтын стол 1 дана асханаға қажетті мұздатқыш 1 дана, тоңазытқыш 3 дана төрт есікті.

Асханада жалпы тамақ ішетін стол саны- 50, орындықтар саны-250. Азық түлік сақтайтын қоймалар саны жеткілікті. Ас әзірлейтін асхана бөлмелерімен азық-түлік сақтайтын қоймалар да толық электр тоғымен жарықтандырылған, орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Өндірістік үстелдер, бөлшектеу тақтасы (бөлшектеуге арналған тақтай мен пышақтар) ас үй ыдыстары таңбаланған, таңбасына сәйкес қолданылады. Мектеп асханасы толықтай тамақ әзірлейтін ыдыс-аяқтармен жабдықталған. Асханаға қажетті техникалар ет тартқыш пен қосымша электро плитаға (духовкасымен) бар.

Тамақтану залында оқушыларға арналған мектеп басшысы бекіткен ас мәзірі стендісі көрнекі жерде ілінген. Асханаға кіреберіс жерде қол жуатын раковиналардың үстінде дұрыс қол жуу ережесі ілінген. Асхана қабырғасындағы дұрыс тамақтану ережесі және тамақтану

кестесі ілінген. «Ас бұрышы», «Дұрыс тамақтану» стендтерде тағамдардың құнарлығы туралы көрнекіліктер оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруда ықпалы зор. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатына бракераж журналына арналған, арыз-шағым журналы бар.

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Ovp9rYDHt5UxiIgMyLZx4uFaiG1u3h9J>

Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:

Кітапхананың жалпы кітап қоры **52377** дана, оның ішінде оқулықтар саны **44764** дана. Ал кітапхананың негізгі қоры **6988** дана. Жаратылыстану ғылымы бағытындағы кітаптар саны 115. Мәдениеттану ғылымы бағыты бойынша 182 дана. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саны 503. Техникалық ғылымдар саны 43. Ауыл және орман шаруашылығы саны 14. Анықтама басылымдары Энциклопедия 23. Көркем әдебиет 6108, Қазақша 5653, Орысша 702, Ағылшынша 633. Электрондық оқулық -625 дана. Методика 46 дана.

2022-2023 оқу жылында 2 сыныпқа жаңа оқулықтар алынды, оқушылар оқулықпен 100% қамтылды. Алынған оқулықтар саны 11442 дана, оның ішінде әдебиеттер саны - 167 дана. 2021-2022 оқу жылы 2022-2023 оқу жылы көркем және ғылыми әдебиеттер қорының саны жаңа түскен кітаптың саны қордың өсуі 243 дана.

2023-2024 оқу жылында алынған оқулықтар саны 3915 дана.

Әдеби кітаптар – 76 дана кітап алынды. Соңғы 2 жылда кітапхана қоры 243 данаға көбейді. 2021-2022 оқу жылы 167 дана кітап түсіп, 6764 дана кітапқа өсті, ал биылғы оқу жылында 76 жаңа кітап түсіп, әдеби қорымыз жылдың соңында 135 дана әдеби кітаппен толықты.

2024-2025 оқу жылында алынған оқулықтар саны 5443 дана. 3-сыныптың кейбір пәндері жаңартылған мазмұндағы, Бейнелеу өнері, Еңбекке баулу, Жаратылыстану, Ағылшын тілі, Орыс тілі пәндерінің оқулықтары жаңартылды. Мазмұнына байланысты 7-сыныптың қазақ тілі, 8-сыныптың дүниежүзі тарихы, 9-сыныптың география, тарих пәндері қайта басылып шықты. Әр оқу жылында 1-11 сыныптар үшін Оқу-ағарту министрлігі бекіткен оқулықтар мен оқыту-әдістемелік кешендерінің тізбесіне сәйкес қайта басылып шыққан, жаңартылған оқулықтарға тапсырыс беріліп, оқушылар 100 пайыз оқулықпен қамтылады.

- Оқулықтар сыныптарға топтастырылған;

- Негізгі қор – кітапханалық-библиографиялық классификация (ББК) бойынша және оқырманның жас ерекшелігіне қарай қойылған.

Кітапхана жұмысының көрсеткіші:

		2022-2023	2023-2024
1	кітап берілімі	2550	2650
2	келу саны	2310	2578
3	оқулықпен қамтылу	100 %	100 %
4	көпшілік-шаралар саны (бірл.)	20	30

Мектеп кітапханасының материалдық- техникалық базасы

1	Кітапхананың көлемі	165,10
2	Оқу залы, абонеменпен бірге	1

3	Сақтау қоймасы	1
4	Оқу залындағы орындар саны	60

р/с	Құрал-жабдықтар аты	Саны	Инвентар номері
1	Компьютер LG		
2	Монитор	9	872-878
3	Системный блок	9	872-878
4	Клавиатура	9	872-878
5	Тінтуір	9	872-878
6	Басып шығарғыш	1	
7	Компьютерлік столдар	9	0136000540, 0138000303
8	Парта	17	
9	Жұмсақ орындық	28	
10	Кітап сөрелері	66	123-186
11	Көрмеге арналған кітап сөрелері	4	117-119
12	Каталогтар салатын	1	108
13	Өртке қарсы	1	120-121
14	Жылу құбырлары	2	
15	Лампа	50	

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

2020-2021 оқу жылынан бастап «Қазақтелеком» АҚ – Қазақстан Республикасындағы ірі байланыс операторының қызметін пайдалануға көшірілді. Интернет желісіне 2 қосылу нүктесі болды. Интернет жылдамдығы - 40,20м/бит/сек. орнатылды. №207,№301,№302,№309 информатика кабинеттері, кітапхана және мектеп әкімшілігі сымды желіге қосылған. Оқу кабинеттерінің барлығы wi-fi желісі арқылы қосылған. Замануи робототехника жабдықтары алынды.

2021-2022 оқу жылында жаңа модификациялы кабинеттер атап айтқанда, биология, химия, физика пәндік кабинеттерге wi-fi желісі арқылы мұғалім компьютерлері және интерактивті тақталары интернетке қосылған. Интернет желісіне 3 қосылу нүктесі болды. Интернет жылдамдығы 100,40,20м/бит/сек. орнатылды. 100м/бит/сек №207,№301,№302,№309 информатика кабинеттеріне қосылды.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1KhxtF28BggMnp6JqbGWVQI63FJ0BYJ0Q>

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНІҢ НӘТИЖЕЛІГІ

Мектеп-лицейінің 2022-2023 оқу жылдарының салыстырмалы көрсеткіштері

Педагогикалық қызметтің ең басты көрсеткіші сапалы білім беру екені анық. Әр педагогтің маңызды міндеттерінің бірі білім сапасын көтеру. Оқушылардың білім, білік дағдыларын жетік меңгерту білім берудегі ең жоғары деңгей. Оқушылардың білім стандартын меңгеруін, олардың оқытылу деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады: сыныптар бойынша оқытылу деңгей нәтижесі, мектепшілік әкімшілік бақылау жұмыстары негізінде пәндердің тоқсандық, жылдық салыстырмалы анализдері, оқушыларды қорытынды аттестаттау мәліметтері арқылы мұғалімдердің, сыныптары, оқу пәндерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Осындай салыстырмалы талдауларды жүзеге асыру

үшін қолданылады:

- ✓ мектептің статистикалық есептер мәліметтері;
- ✓ әр түрлі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын мектепшілік бақылау жүйесі арқылы алынған ақпараттар;
- ✓ ОЖСБ нәтижелері, емтихандар мен қорытынды тестілеу;
- ✓ сынып журналдары мен дәптерлер тексерісі бойынша алынған мәліметтер;

№48 мектеп-лицейінде педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие үрдісіндегі кемшіліктерді анықтау мақсатында сыныптар мен пәндер бойынша аралық, қорытынды аттестаттау деңгейі анализі, білім беру және оқыту сатыларындағы білім сапасын талдау және бақылау мониторингі жүргізіледі.

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес бағалау білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесін көрсетті. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында, яғни БЖБ және ТЖБ жұмыстарында жүзеге асырылды. Күнделікті сабақта формативтік бағалау кезінде пән мұғалімдері тиімді кері байланысты жүзеге асырды. Оқу пәндері бойынша бөлім аяқталғанда БЖБ, ал тоқсан соңында ТЖБ жұмыстары бекітілген кесте негізінде алынды. ТЖБ жұмыстары тоқсанның соңғы күні алынбайтындығы ескерілді. Білім алушылардың орындаған жұмыстарының нәтижесі Kundelik.kz электронды журналына уақытында қойылды.


2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы мектеп-лицейінде оқытудың нәтижелік мониторингі

Оқу жылы	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.	Динамика
2–4 сынып			
Оқушы саны	459	489	+30
Оқу озаты саны	102	132	+30
Екпінді саны	208	220	+12
Білім сапасы %	67,54%	71,98%	+4,44%
5–9 сынып			
Оқушы саны	871	858	-13
Оқу озаты саны	80	101	+21
Екпінді саны	349	395	+46
Білім сапасы %	49,25%	57,81%	+8,56%
10–11 сынып			
Оқушы саны	203	203	0
Оқу озаты саны	31	31	0
Екпінді саны	85	93	+8
Білім сапасы %	57,14%	61,08%	+3,94%
Жалпы			
Оқушы саны	1533	1550	+17
Оқу озаты саны	213	264	+51
Екпінді саны	642	708	+66
Білім сапасы %	55,77%	62,71%	+6,94%

2-11 сыныптарда 2023-2024 оқу жылында оқу озаты мен екпінді оқушылар саны артып, білім сапасында 6,94%-ға көтерілген.

Бастауыш сыныптардағы білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші

Сыныптар	2022-2023 о.ж.		2023-2024 о.ж.		Динамика
	Білім сапасы %	Үлгерім %	Білім сапасы %	Үлгерім %	Білім сапасы %
2-сынып	72%	100%	73,71%	100%	+1,71%
3-сынып	66,67%	100%	73,37%	100%	+6,70%
4-сынып	63,58%	100%	68,28%	100%	+4,70%
жалпы	67,54%	100%	71,98%	100%	+4,44%



Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы 2022-2023 оқу жылында 67,54%, ал үлгерімі 100% болды. 2023-2024 оқу жылында білім сапасы 71,98% болып, 4,44%-ға көтерілді.


Бастауыш білім беру деңгейі бойынша оқу пәндерінің сапасы

Пән атауы	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.	Динамика
Қазақ тілі	73,76%	76,69%	+2,93%
